ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Сапа менеджменті жүйелері

ТАЛАПТАР

Системы менеджмента качества

ТРЕБОВАНИЯ

ҚР СТ ISO 9001-2016

(ISO 9001:2015 Quality management system - Requirements, IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Сапа менеджменті жүйелері

ТАЛАПТАР

ҚР СТ ISO 9001-2016

(ISO 9001:2015 Quality management system - Requirements, IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 Техникалық реттеу және метрология комитетінің «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2016 жылғы 14 қараша № 285-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт ISO 9001:2015 «Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар» (Compliance management system - Guidelines) халықаралық стандартымен бірдей.

ISO 9001:2015 халықаралық стандартын ISO/TC 176 «Сапа менеджменті және сапаны қамтамасыз ету» техникалық комитеті, SC 2 «Сапа жүйелері» ішкі комитеті әзірледі

Ағылшын тілінен аударылды (en)

Негізінде осы стандарт дайындалған (әзірленген) және сілтемелер берілген халықаралық стандарттардың ресми даналары «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» РМК-да бар

Сәйкестік дәрежесі - бірдей (IDT)

4 Осы стандартта Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадан № 603-II «Техникалық реттеу туралы» және 1997 жылғы 11 шілдеден № 151-1 «Қазақстан Республикасында Тілдер туралы» Заңдарының нормалары жүзеге асырылған

5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ 2021 жыл
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ 5 жыл

6 ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар» **ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ**

«Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын басылып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» сілтемесінде, ал өзгерістер мен түзетулердің мәтіні ай сайын басылып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемелерінде жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (ауыстырылған) немесе жойылған жағдайда, тиісті хабарлама ай сайын басылып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады»

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Терминдер мен анықтамалар	1
4	Ұйым ортасы	2
5	Көшбасшылық	3
6	Жоспарлау	5
7	Қамтамасыз ету құралдары	7
8	Өнім мен қызмет көрсетулердің өмірлік кезең сатыларындағы қызмет	11
9	Қызмет нәтижелерін бағалау	19
10	Жақсару	22
	А қосымшасы Жаңа құрылымды, терминологияны және ұғымдарды түсіндіру	24
	В қосымшасы ISO/ТК 176 әзірлеген сапа менеджменті саласындағы және сапа менеджменті жүйелеріне арналған басқа Халықаралық стандарттар	29
	Библиография	34

Кіріспе

0.1 Жалпы ережелер

Сапа менеджмент жүйесін қолдану тұрақты дамытуға бағытталған қызметтің нәтижесін жақсартуға көмегі тиетін және бастамалардың тұрақты негізін қамтамасыз ететін ұйым үшін стратегиялық шешім болып табылады.

Осы стандартқа негізделген сапа менеджмент жүйесін қолданудан болатын ұйымның ықтимал басымдылығы мыналар болып табылады:

a) тұтынушылардың және заңмен қолданылатын талаптар мен нормативтік құқықтық талаптарды қанағаттандыратын өнімдер мен қызметтерді тұрақты ұсыну қабілеті;

b) тұтынушылардың қанағаттанарлығын арттыру;

c) ортаға және ұйымның мақсатына байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктерге бағыт беру;

d) сапа менеджмент жүйесінің белгіленген талаптарына сәйкес өзін көрсете білу мүмкіндігі.

Осы стандарт ішкі және сыртқы жақтармен пайдалану мүмкін.

Осы стандарт мыналарды қажет етпейді:

- сапа менеджменттің әртүрлі жүйесі құрылымындағы біртектілікті;
- осы стандарт бөлімдерінің құрылымына байланысты келісілген құжаттама;
- ұйымның шеңберінде осы стандарттың арнайы терминологиясын пайдалануды.

Осы стандартта белгіленген сапа менеджмент жүйесіне қойылатын талаптар өнім мен көрсетілетін қызметтердің қосымша талаптары болып табылады.

Осы стандартта «Жоспарла - Істе - Тексер – Әрекет жаса» (PDCA) циклі енетін үдерістік әрекет қолданылған және тәуекел – бағытты ой.

Үдерістік әрекет ұйымға өз үдерістері мен олардың өзара қарым-қатынасын жоспарлайды.

PDCA циклін іске асыру ұйымға олардың үдерістерін қажетті ресурстармен қамтамасыз етеді, оның менеджментін жүзеге асырады, жақсарту үшін мүмкіндіктерін анықтайды және іске асырады.

Тәуекел-бағдарлы ойлау ұйым үдерістерінің және сапа менеджмент жүйесінің жоспарланған нәтижелерінен ауытқуға, сонымен қатар келеңсіз салдарды барынша азайту және пайда болатын мүмкіндіктерді барынша пайдалану үшін басқарудың ескертетін құралын пайдалану (А.4).

Өте қарқынды және күрделі ортадағы жағдайлардағы алдағы уақытта болатын қажеттіліктер мен күтілімдерді есепке алу және олардың талаптарын тұрақты орындау ұйымның алдындағы күрделі міндеттерді қояды. Ұйым осы міндеттерді шешу үшін түзетуге және үнемі жақсартуға қосымшаны жақсартудың әртүрлі формасын пайдалану қажет екен деп санайды, мысалы олқылық өзгеріс, инновация және қайта ұйымдастыру.

Осы стандартта келесі етістіктің тұлғалары пайдаланылады:

- «тиіс» деген талапқа көрсетіледі;
- «керек» деген ұсынымға көрсетіледі;
- «болуы мүмкін» деген рұқсатқа көрсетіледі;
- «бола алады» деген қабілеттікке немесе мүмкіндікке көрсетіледі.

«Ескерту» ретінде белгіленген ақпарат тиісті талаптарды түсіну немесе түсіндіру үшін басқарушылық нұсқамалар сипатында болады.

0.2 Сапа менеджментментінің принциптері

Осы стандарт ISO 9000-жа сипатталған сапа менеджмент қағидатына негізделген. Сипаттамаға бұл қағидат ұйымға неге маңызды екені, әр қағидаттың және негіздеменің тұжырымдамалары, сондай-ақ қағидатқа байланысты басымдылықтың кейбір мысалдары, және қағидатты қолданған кезде ұйымның қызметі нәтижесін жақсарту бойынша типтік әрекеттердің мысалдары кіреді.

Сапа менеджментментінің принциптері:

- тұтынушыға бағдарлану;
- көшбасшылық;
- адамдардың өзара іс-әрекеті;
- процестік тәсіл;
- жақсарту;
- куәліктерге негізделген шешімдерді қабылдау;
- өзара қатынастар менеджменті.

0.3 Процестік тәсіл

0.3.1 Жалпы ережелер

Осы стандарт олардың талаптарын орындау жолымен тұтынушылардың қанағаттануын арттыру мақсатында сапа менеджменті жүйесін әзірлеген, енгізген және оның нәтижесін жақсартқан кезде «үдерістік бағытты» қолдануға бағытталған. Үдерістік бағытты енгізу үшін маңызды деп саналатын нақты талаптар 4.4-кіші бөліміне енгізілген.

Жүйе ретіндегі үдерістердің өзара байланысын түсіну және менеджменті ұйымның белгіленген нәтижелерге жетуде нәтижелелігі мен тиімділігіне септігін тигізеді. Бұл бағдар ұйымға жүйе үдерістері арасында өзара байланыс пен өзара байланыстылығы басқаруға мүмкіндік береді, сондықтан ұйым қызметінің жалпы нәтижесі жақсартылуы мүмкін.

Үдерістік бағдарға жүйелік анықтама және үдерістер менеджменті кіреді және олардың өзара әрекеті ұйымның сапасы және стратегиялық бағыттар саласында саясатқа сәйкес белгіленген нәтижеге жеткізгендей. Барлығы біртұтас үдерістер менеджментіне және жүйесіне PDCA циклін пайдаланған кезде (0.3.2 қараңыз), мүмкіндіктерді пайдалануға және қажет етпейтін нәтижелерді алдын алуға бағытталған тәуекел-бағытты ойлауға ерекше назар

аударумен бірге (0.3.3 қараңыз) жетеді.

Сапа менеджментінің жүйесінде процестік тәсілді қолдану мыналарға мүмкіндік береді:


a) түсінуге және үнемі талаптарды орындауға;

b) олармен құндылықтарды қосу тұрғысынан алып қарағанда процестерді қарауға;

c) процестердің нәтижелі қызмет етуіне қол жеткізуге;

d) деректер мен ақпаратты бағалау негізінде процестерді жақсартуға.


1-сурет қандай да болсын үдерістің сызбалы бейнесін көрсетеді және үдеріс элементтерінің өзара байланысын безендіреді. Басқару үшін қажетті мониторинг пен өлшемнің бақылау нүктесі әр үдеріс үшін арнайыландырылған болады және тиісті тәуекелге байланысты өзгеріп отырады.



1-сурет – Процесс элементтерінің сызбанұсқа көрінісі

0.3.2 «Жоспарлау – Істеу – Тексеру – Әрекет ету» циклі

PDCA циклі барлық үдерістерге және сапа менеджмент жүйесіне қолданылады. 2-суретті 4-10 бөлімі сияқты суреттелген, PDCA цикліне сәйкес топталуы мүмкін.



Ескертпе – Жақшадағы цифрлар осы стандарттағы бөлімдерге сілтеме беріледі

2-сурет - PDCA циклына сәйкес осы стандарт құрылымының бейнесі

PDCA циклін былай қысқаша сипаттауға болады:

- **Жоспарлау:** жүйе мен оның үдерістерін әзірлеу, сондай-ақ тұтынушылардың талаптарына және ұйымның саясатына сәйкес нәтижелерге жету үшін қажетті ресурстарды анықтау, тәуекелдер мен мүмкіндіктерді анықтау және қарастыру.

- **Істеу:** жоспарланғандардың барлығын орындау.

- **Тексеру:** мониторинг және (ол қолданыла алатын жерде) үдерістерді өлшеу, саясатпен, мақсаттармен, талаптармен және жоспарланған әрекеттермен салыстырғанда өнімдер мен көрсетілетін қызметтер және нәтижелер туралы хабарлама.

- **Әрекет ету:** қызмет нәтижелерін, қандай дәрежеде керек сондай дәрежеде жақсарту бойынша шаралар қолдану.

0.3.3 Тәуекел - бағдарланған ойлау

Тәуекел - сапа менеджменті жүйесінің нәтижелігін қол жеткізу үшін қажетті бағдарланған ойлау (А. 4). Бағдарланған ойлау- тәуекел тұжырымдамасы осы стандарттың алдыңғы нұсқасын қоса алғанда тұспалданды, мысалы, сәйкессіздік салдарына тиісті ықтимал сәйкессіздіктерді болдырмауға, пайда болатын кез- келген сәйкессіздіктер

талдауға, және олардың болдырмау, қайталанбау бойынша шаралар қабылдауға бағытталған іс-әрекеттердің алдын ала орындалуы.

Осы стандарт талаптарына сәйкес болу үшін ұйымдар тәуекел және мүмкіндікке байланысты қызметін жоспарлау және енгізу қажет.

Тәуекелдер мен мүмкіндіктер күш-жігерін бағыттау сапа менеджменті жүйесінің нәтижелігін арттыруға, жақсы нәтижеге қол жеткізу және жағымсыз салдардың болдырмауына негіз құрады.

Мүмкіндік жоспарланған нәтижеге қол жеткізу үшін қолайлы жағдайға нәтижесі ретінде пайда болуы мүмкін.

Мысалы, ұйымдарға жаңа тұтынушыларды тарту, жаңа тауарлар мен қызметтерді дамыту, өнімділік шығындарын азайту немесе арттыруға мүмкіндік беретін мән-жайлар.

Қабылдау кезіндегі іс-әрекеттердің пайда болуы мүмкіндіктері оң немесе теріс әсерлерді қамтуы мүмкін. Тәуекелден пайда болатын оң ауытқу дамыту, жақсарту және т. б. мүмкіндік бере алады Алайда, барлық оң ауытқулар бұған қабілетті емес.

0.4 Басқа стандарттарымен өзара байланысқа арналған менеджмент жүйелері.

Осы стандартта менеджмент жүйелеріне арналған ISO стандарттарына сәйкес келісімділікті жақсарту үшін ISO-мен әзірленген құрылымы қолданылған. (А. 1 бөлімін қараңыз).

Осы стандарт ұйымға өз сапа менеджмент жүйесін басқа стандарт менеджменті жүйелерінің талаптарымен келісу немесе біріктіру үшін, процестік тәсілді PDCA және тәуекел-бағдарланған ойлауды ұштастыра отырып қолдануға мүмкіндік береді.

Осы стандарт ISO 9000 және ISO 9004-ке жатады:

- ISO 9000 Сапа менеджменті жүйесі. Осы стандартты түсіну және енгізілуі үшін негізгі ережелер және сөздік жеткілікті.

-ISO 9004 Ұйымның тұрақты табысқа жету мақсатындағы менеджменті. Сапа менеджменті көзқарасы тұрғысынан ұйымдар үшін басшы болып табылады, оларға осы стандарт талаптарынан басқа прогресс маңызды.

В қосымшасында сапа менеджменті саласында ISO/TC 176.- да әзірленген, басқа да халықаралық стандарттарға және сапа менеджменті жүйесінің стандарттарына сәйкес мәлімет бар.

Осы стандарт құрамында экологиялық менеджмент, еңбек қауіпсіздігі мен денсаулығын қорғау немесе қаржы менеджменті сияқты, басқа да менеджмент жүйелері сияқты нақты талаптар жоқ.

Салалық стандарттар сапа менеджменті жүйесі үшін әзірленген, бірқатар салалар осы стандарт талаптарының негізі. Басқалары нақты сала шеңберінде осы стандартты қолдануда нұсқаулықтарын басшылыққа алып шектелсе, бұл стандарттың кейбірі сапа менеджменті жүйесіне қойылатын қосымша талаптарды белгілейді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕЛЕРІ

ТАЛАПТАР

Енгізілген күні 2017-01-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандартта сапа менеджменті жүйелерінің талаптарын ұйымдастыру кезінде:

a) тұтынушылар талаптарына жауап беретін және заңнамалық және нормативтік құқықтық талаптарға қолданылатын өнімдерді және (немесе) қызметтерді тұрақты жеткізе білу қасиетін көрсететін;

b) өзінің алдына жүйені үнемі жақсарту процестері мен тұтынушылар талаптары мен заңнамалық және нормативтік құқықтық талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етумен қоса, сапа менеджменті жүйесін нәтижелі қолдану арқылы тұтынушылардың қанағаттандырылуын арттыру мақсатын қойған жағдайда сапа менеджменті жүйесіне қойылатын талаптарды белгілейді.

Осы стандарттың барлық талаптарында жалпы сипаттама бар және жеткізілетін өнім мен ұсынылатын қызмет түріне, өлшеміне қарамастан, кез келген ұйымның қолдануына арналған.

Ескертпелер

1 Осы стандартта «өнім» немесе «қызмет» терминдері тұтынушыға арналған немесе ол талап еткен өнімге және қызметтерге қолданылады.

2 Заңнамалық және нормативтік талаптар құқықтық талаптар ретінде белгіленуі мүмкін.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты (құжатты) қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет. Күні көрсетілген сілтемелер үшін сілтемелік құжаттың көрсетілген басылымын ғана қолданады, күні көрсетілмеген сілтемелер үшін сілтемелік құжаттың соңғы басылымын (барлық түзетулерімен қоса) қолданады.

ISO 9000:2015, *Quality management systems – Requirements (Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер және сөздік).*

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта ISO 9000:2015 бойынша терминдер қолданылады (пайдаланылады)

4 Ұйым ортасы

4.1 Ұйымды және оның ортасын түсіну

Ұйым ниеті мен стратегиялық бағытына қатысты және сапа менеджменті жүйесінің көзделген нәтижесіне (нәтижелеріне) қол жеткізу қабілетіне әсер ететін сыртқы және ішкі факторларды анықтауға тиіс.

Ұйым осы сыртқы және ішкі факторлар туралы ақпарат мониторингін және талдауын іске асыруға тиіс.

Ескертпелер

1 Қарастырылатын факторлар мен шарттар оң немесе теріс болуы мүмкін.

2 Сыртқы ортаны түсіну халықаралық, ұлттық, өңірлік немесе жергілікті деңгейдегі заңнамалық, технологиялық, бәсекелестік, нарықтық, мәдени, әлеуметтік және экономикалық ортамен байланысты факторларды қарауға мүмкіндік береді.

3 Ішкі ортаны түсіну ұйым жұмысының құндылықтарымен, мәдениетімен, білімімен және нәтижелерімен байланысты факторларды қарауға мүмкіндік береді.

4.2 Мүдделі тараптардың қажеттіліктері мен болжамдарын түсіну

Мүдделі тараптар тигізетін немесе ұйымның тұтынушылардың талаптарына сай және заңнамалық және нормативтік құқықтық талаптарға қолданылатын өнімдер мен қызметтерді тұрақты жеткізу мүмкіндігіне тигізуі мүмкін әсерін есепке алумен ұйым:

a) сапа менеджменті жүйесіне қатысты қатысы бар мүдделі тараптарын;

b) сапа менеджменті жүйесіне қатысты осы мүдделі тараптардың талаптарын анықтауға тиіс.

Ұйым осы мүдделі тараптар мен олардың тиісті талаптары туралы ақпарат мониторингі мен талдауын іске асыруға тиіс.

4.3 Сапа менеджменті жүйесін қолдану саласын анықтау

Ұйым қолданылу саласын белгілеу үшін сапа менеджменті жүйесінің және оның қызмет қамтитын шектерді анықтауға тиіс.

Қолдану саласын анықтау кезінде ұйым:

a) сыртқы және ішкі факторларды (4.1-ді қараңыз);

b) тиісті мүдделі тараптардың талаптарын (4.2-ні қараңыз);

c) ұйым өнімі мен қызметтерін қарастыруға тиіс.

Егер осы талаптар сапа менеджменті жүйесінде белгіленген қолдану саласы шегінде қолданылса, ұйым осы стандарттың барлық талаптарын қолдануға тиіс.

Ұйымның сапа менеджменті жүйесін қолдану саласы қол жетімді болуға, құжатталған ақпарат ретінде әзірленуге және қолданылуға тиіс. Қолдану саласы қамтылатын өнім және қызмет түрлерін көрсетуге және сапа менеджменті жүйесін қолдану саласына пайдаланылмайтын ретінде анықтаған осы стандарт талаптарын болдырмау үшін негіздеме беруге тиіс.

Осы стандарт талаптарына сәйкестік, егер қолданылмайтын ретінде

белгіленген талаптар ұйымның өнімдері мен қызметтеріне сәйкестікті қамтамасыз ететін қабілетіне немесе жауапкершілігіне әсер етпесе және тұтынушылардың қанағаттануын арттырса ғана мәлімделеді.

4.4 Сапа менеджменті жүйелері және оның процестері

Ұйым осы стандарт талаптарына сәйкес қажетті процестермен олардың өзара әрекетін қоса, сапа менеджменті жүйесін әзірлеуге, енгізуге, сүйемелдеуге және тұрақты жақсартуға тиіс.

Ұйым сапа менеджменті жүйесіне қажетті процестерді анықтауға және ұйым шеңберінде олардың қолданылуын анықтауға тиіс, сонымен қатар:

a) осы процестердің қажетті кірістері мен күтілетін шығыстарын анықтауға;

b) осы процестердің бірізділігі мен өзара байланысын анықтауға;

c) осы процестердің нәтижелі жұмыс істеуі мен оларды басқаруды қамтамасыз ету үшін қажет өлшеу критерийлері мен әдістерін (мониторинг, өлшемдер мен қызмет нәтижелерінің тиісті көрсеткіштерімен қоса) анықтауға және қолдануға;

d) осы процестер үшін қажет ресурстарды анықтауға және олардың қол жетімділігін қамтамасыз етуге;

e) осы процестерге қатысты міндеттерді, жауапкершілікті және уәкілеттіктерді бөлуге;

f) 6.1 тармақшасының талаптарына сәйкес қауіп-қатерлер мен мүмкіндіктерді есепке алуға;

g) осы процестерді бағалап, процестердің көзделген нәтижелерге жетуін қамтамасыз ету үшін қажет кез келген өзгерістерді енгізуге;

h) сапа менеджменті жүйесі мен процестерін жақсартуға тиіс.

4.4.2 Ұйым қажетті көлемде:

a) процестердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін құжатталған ақпаратты әзірлеуге, өзектендіруге және қолдануға;

b) осы процестер қалай жоспарланғанына сәйкес іске асырылатындығына сенімділікті қамтамасыз ету үшін құжатталған ақпаратты тіркеуге және сақтауға тиіс.

5 Көшбасшылық

5.1 Көшбасшылық және бұлжымастық

5.1.1 Жалпы ережелер

Жоғары басшылық сапа менеджменті жүйесіне қатысты өзінің көшбасшылығы мен бұлжымастығын мыналар арқылы көрсетуге тиіс:

a) сапа менеджменті жүйесінің нәтижелілігі үшін жауапкершілік қабылдау;

b) ұйым ортасының жағдайларымен және оның стратегиялық

бағыттарымен келісілетін сапа саласындағы саясат пен мақсаттарды әзірлеуді қамтамасыз ету;

c) ұйымның бизнес-процесінде сапа менеджменті жүйесінің талаптарын біріктіруді қамтамасыз ету;

d) процестік тәсілді және қауіп-қатер бағытындағы ойлау қолданысына көмектесу;

e) сапа менеджменті жүйесі үшін қажет ресурстарға қол жеткізуді қамтамасыз ету;

f) ұйымда нәтижелі сапа менеджменті маңыздылығы мен сапа менеджменті жүйесінің талаптарына сәйкестік түсінігін түсіндіру;

g) көзделген нәтижелердің сапа менеджменті жүйесіне қол жеткізуді қамтамасыз ету;

h) сапа менеджменті жүйесінің нәтижелілігін қамтамасыз етуге жұмыскерлерді тарту, басқару және қатысуына қолдау көрсету;

i) жақсартуды қолдау;

j) жауапкершілігі саласындағы көшбасшылықты көрсететін басқа тиісті басшыларды сүйемелдеу.

Ескертпе - осы стандартта «бизнес» сөзін кең мағынада, мемлекеттік, жеке ме, ол өз алдына табыс табуды немесе таппауды мақсат етіп қоя ма, әлде жоқ па екендігіне қарамастан, ұйымның болуы мақсаты үшін маңызды болып табылатын қызмет түрлерін көрсету ретінде түсінген жөн.

5.1.2 Тұтынушыға бағдарлану

Жоғары басшылық тұтынушыға бағдарлануына қатысты көшбасшылық пен бұлжымастықты төмендегілерді қамтамасыз ету арқылы көрсетуге тиіс:

a) тұтынушылардың талаптары, сонымен қатар қолданылатын заңнамалық және нормативтік құқықтық талаптар анықталған, түсінікті және өзгеріссіз орындалады;

b) өнімдер мен қызметтердің сәйкестігіне және тұтынушылардың қанағаттануын арттыру мүмкіндігіне әсер етуі мүмкін қауіп-қатерлер мен мүмкіндіктер анықталған және қарастырылған;

c) тұтынушының қанағаттануын арттыруды басты назарға алу.

5.2 Саясат

5.2.1 Сапа саласында саясатты әзірлеу

Жоғары басшылық сапа саласындағы саясатты әзірлеуге, іске асыруға және өзекті жағдайда ұстауға тиіс және ол:

a) ұйымның ниетіне және ұйым ортасына сай келеді, сонымен қатар оның стратегиялық бағытын сүйемелдейді;

b) сапа саласындағы мақсаттарды белгілеуге арналған негізді құрайды;

c) оған қолданылатын талаптарға сәйкес келу міндеті кіреді;

d) оған сапа менеджменті жүйесін тұрақты жақсарту кіреді.

5.2.2 Сапа саласындағы саясатты жеткізу

Сапа саласындағы саясат:

a) қол жетімді және құжатталған ақпарат ретінде қолданылуға;

b) қызметкерлерге хабарланған, түсінікті және ұйым ішінде қолданылатын болуға;

c) тиісті мүдделі тараптар үшін тиісті тәсілде қол жетімді болуға тиіс.

5.3 Қызметтер, жауапкершілік және ұйымның уәкілеттіктері

Жоғары басшылық тиісті қызметтерді орындау үшін міндеттерді, жауапкершіліктерді және уәкілеттіктерді анықтау, жұмысшыларды хабардар ету және түсінуді қамтамасыз етуге тиіс.

Жоғары басшылық төмендегілер үшін міндеттерді, жауапкершілікті және уәкілеттіктерді үйлестіруге тиіс:

a) сапа менеджменті жүйесінің осы стандарт талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету;

b) процестен көзделген нәтижелерді алуды қамтамасыз ету;

c) сапа менеджменті жүйесінің және оны жақсарту мүмкіндіктерінің жұмыс істеу нәтижелері туралы жоғары басшылыққа есеп беру (10.1);

d) барлық ұйымда тұтынушыға бағдарлануды қолдау;

e) сапа менеджменті жүйесінде өзгерістерді жоспарлау және енгізу кезінде сапа менеджменті жүйесінің бүтіндігін сақтау.

6 Жоспарлау

6.1 Қауіп-қатерлер мен мүмкіндіктерге қатысты әрекеттер

6.1.1 Сапа менеджменті жүйесінде жоспарлау кезінде ұйым факторларды (4.1-ді қараңыз) және талаптарды (4.2-ні қараңыз) есепке алуға және төмендегілер үшін қауіп-қатерлер мен мүмкіндіктерді анықтауға тиіс:

a) сапа менеджменті жүйесі өзінің көздеген нәтижелеріне қол жеткізуіне сенімділікті қамтамасыз ету,

b) олардың қажетті әсерін арттыру;

c) олардың қажетсіз әсерін болдырмау немесе азайту;

d) жақсаруға қол жеткізу.

6.1.2 Ұйым мыналарды жоспарлауға тиіс:

a) осы қауіп-қатерлер мен мүмкіндіктерді қарау жөніндегі әрекеттер;

b) онда, мәндермен:

1) осы әрекеттерді сапа менеджменті жүйесінің процестеріне біріктіру және енгізу (4.4-ті қараңыз);

2) осы әрекеттердің нәтижелілігін бағалау.

Қауіп-қатерлер мен мүмкіндіктерге қатысты қолданылатын шаралар олардың өнімдер мен қызметтердің сәйкестігіне ықтимал әсер етуіне пропорционал болуға тиіс.

Ескертпелер

1 Қауіп-қатерлерге әрекет ету нұсқаларына қауіп-қатерден қашы, қауіп-қатер көзін жою мүмкіндігін бақылау үшін қауіп-қатерге жол беру, қауіп-қатер көзін жою, ықтималдықтың немесе салдарының өзгеруі, қауіп-қатердің бөлінуі немесе ақпаратқа негізделген шешімді қабылдау жолымен қауіп-қатерді ұстау кіруі мүмкін.

2 Мүмкіндіктер жаңа тәжірибелерді қабылдауға, жаңа өнімді іске қосуға, жаңа нарықтарды ашуға, жаңа тұтынушылардың пайда болуына серіктестік қатынастарды құруға, жаңа технологияларды және ұйымның немесе оның тұтынушыларының қажеттіліктерін есепке алу үшін басқа қажетті немесе нақты мүмкіндіктерді пайдалануға әкеледі.

6.2 Сапа саласындағы мақсаттар және оларға қол жеткізуді жоспарлау

6.2.1 Ұйым тиісті қызметтер, деңгейлер үшін, сонымен қатар сапа менеджменті жүйесі үшін қажетті процестер үшін сапа мақсаттарын айқындауға тиіс.

Сапа саласындағы мақсаттар:

a) сапа саласындағы саясатпен келісілуге;

b) өлшенуге;

c) қолданылатын талаптарды есепке алуға;

d) өнімдер мен қызметтердің сәйкес келуін қамтамасыз етумен және тұтынушылардың қанағаттануын арттырумен байланысты болуға;

e) мониторингтен өткізілуге;

f) қызметкерлерге хабарлануға;

g) қажеттілігіне қарай жаңғыртылуға тиіс.

Ұйым сапа саласындағы мақсаттар туралы құжатталған ақпараттарды әзірлеуге және қолдануға тиіс.

6.2.2 Сапа саласындағы мақсаттарға қол жеткізу әрекеттерін жоспарлау кезінде ұйым:

a) нені жасау қажет;

b) қандай ресурстар қажет;

c) кім жауапты болады;

d) осы әрекеттер қашан аяқталады;

e) нәтижелері қалай бағаланатындығын анықтауға тиіс.

6.3 Өзгерістерді жоспарлау

Ұйым сапа менеджменті жүйесіндегі өзгерістердің қажеттілігін анықтаған кезде өзгерістер жоспар негізінде (4.4-ті қараңыз) іске асырылуға тиіс.

Ұйым қарастыруы керек:

a) енгізілетін өзгерістің мақсаты мен олардың ықтимал салдарын;

b) сапа менеджменті жүйесінің бүтіндігін;

c) ресурстардың қол жетімділігін;

d) міндеттерді, жауапкершіліктер мен уәкілеттіктерді үйлестіруді немесе қайта үйлестіруді қарастыруға тиіс.

7 Қамтамасыз ету құралдары

7.1 Ресурстар

7.1.1 Жалпы ережелер

Ұйым сапа менеджменті жүйесін әзірлеу, енгізу, сүйемелдеу және тұрақты жақсарту үшін қажет ресурстардың болуын анықтауға және қамтамасыз етуге тиіс.

Ұйым:

a) қолданыстағы ішкі ресурстармен байланысты мүмкіндіктер мен шектеулерді;

b) сыртқы жеткізушілерден алу қажет нәрсені қарастыруға тиіс.

7.1.2 Адамзат ресурстары

Ұйым сапа менеджменті жүйесін нәтижелі енгізу үшін және оның процестерінің жұмыс істеуі және басқаруы үшін қажет лауазымды тұлғалардың болуын анықтауға және қамтамасыз етуге тиіс.

7.1.3 Инфрақұрылым

Ұйым өнімнің және қызметтің сәйкестігіне қол жеткізу мақсатында процестер жұмыс істеуі үшін қажет инфрақұрылымды анықтауға, құруға және сүйемелдеуге тиіс.

Ескертпе – инфрақұрылымға мыналар жатады:

a) ғимараттар және олармен байланысты инженерлік желілер мен жүйелер;

b) техникалық және бағдарламалық құралдармен қоса, жабдық;

c) көлік ресурстары;

d) байланыс жүйелері мен ақпараттық жүйелер.

7.1.4 Процестердің жұмыс істеуіне арналған орта

Ұйым процестер жұмыс істеу және өнімдер мен қызметтерге қойылатын талаптарға сәйкестікке қол жеткізу үшін қажет ортаны анықтауға, құруға және сүйемелдеуге тиіс.

Ескертпе – қолайлы орта адамзат және физикалық факторлардың үйлесімділігін көрсете алады, мысалы:

a) әлеуметтік (мысалы, кемшіліктердің, тыныштықтың, тартыссыздықтың болмауы);

b) психологиялық (мысалы, күйзеліс деңгейінің төмендеуі, эмоционалдық тұтанудың алдын алу, эмоционалдық қорғаныс);

c) физикалық (мысалы, температура, жылу ағыны, ылғалдылық, жарық, ауа ағыны, гигиена, шуыл).

Осы факторлар жеткізілетін өнімдер мен қызметтерге байланысты айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін.

7.1.5 Мониторинг пен өлшеуге арналған ресурстар

7.1.5.1 Жалпы ережелер

Ұйым мониторинг немесе өлшеу өнімдер мен қызмет көрсетулер

талаптарға сәйкес келуін растау үшін пайдаланылатын кездегі жағдайларда бар заңды күші мен сенімді нәтижелерін қамтамасыз ету үшін қажетті ресурстарды анықтауға және ұсынуға тиіс.

Ұйым ұсынылған ресурстарды мынадай болатындай етіп:

a) мониторинг пен өлшеу бойынша қабылданатын әрекеттердің нақты типі үшін жарамды болуын;

b) көзделген мақсаттар үшін олардың жарамдылығын сақтау мақсатында ұсталынып тұруын қамтамасыз етуге тиіс.

Ұйым мониторниг пен өлшеу үшін ресурстардың жарамдылығының куәгері ретінде сәйкесетін құжаттамалық ақпаратты тіркеуге және сақтауға тиіс.

7.1.5.2 Өлшеудің қадағаланушылығы

Өлшеудің қадағаланушылығы талап болып табылатын немесе ұйыммен өлшеудің нәтижелерінің құқықтылығына сенімділікті қамтамасыз ету үшін маңызды элемент ретінде қарастырылатын жағдайларда өлшеу жабдығы мынадай болуға тиіс:

a) халықаралық немесе ұлттық эталондармен салыстырғанда бірліктердің мөлшерін беретін эталондар бойынша оны қолданар алдында немесе белгіленген кезең арқылы калибрленген және (немесе) тексерілген болуға тиіс. Осындай эталондар жоқ болған кезде калибрлеу немесе тексеру үшін пайдаланылатын база тіркелген және құжатталған ақпарат ретінде сақталуға тиіс;

b) олардың статусын белгілеу мақсатында бірдейленген болуға тиіс;

c) калибрлеу статусы мен өлшеудің кейінгі нәтижелері жарамсыз етіп жасауы мүмкін реттеулерден, зақымданулардан және жай-күйінің нашарлауынан қорғауға тиіс.

Ұйым өлшеудің алдыңғы нәтижелерінің құқықтылығын өлшеу жабдығы оны тікелей мақсатына қарай пайдалануға жарамсыз болған жағдайларда және тиісті іс-қимылды жасау қажеттілігі болған кезде анықтауға тиіс.

7.1.6 Ұйымның білімі

Ұйым оның процестерінің қызмет етуіне және өнімдер мен қызмет көрсетулердің сәйкестігіне қол жеткізу үшін қажетті білімді анықтауға тиіс.

Білім сүйемелденуге және қажетті көлемде қолжетімді болуға тиіс.

Өзгеріп отыратын мұқтаждар мен беталыстарды қарау кезінде ұйым ағымдағы білім деңгейін бағалауы және қосымша білім мен олардың қажетті жаңартуларын қалайша алуға болатынын немесе қолжетімдігін қамтамасыз етуге болатындығын анықтауға тиіс.

Ескертпелер

1 Ұйымның білімі – бұл ұйым үшін ерекше білім; негізінен тәжірибеден алынған білім. Білім – бұл ұйымның мақсаттарына қол жеткізу үшін пайдаланылатын және алмасатын ақпарат.

2 Ұйым білімінің негізі болып мыналар табылуы мүмкін:

а) ішкі көздері (мысалы, интеллектуалды меншік; тәжірибеден алынған білім; сәтсіз немесе сәтті жобалардан шығарылған қорытындылар; құжаттандырылмаған білім мен тәжірибені жинау және алмасу; процестердің, өнімдер мен қызмет көрсетулердің жақсару нәтижелері);

b) сыртқы көздер (мысалы, стандарттар, ғылыми қауымдастық, конференциялар, семинарлар, тұтынушылар мен сыртқы жеткізушілерден алынған білім).

7.2 Біліктілік

Ұйымның мыналарды істеуге тиіс:

а) қызмет нәтижелері мен сапа менеджменті жүйесінің нәтижелілігіне әсерін тигізетін оны басқаруымен жұмысты орындайтын тұлғаның(лардың) қажетті құзыреттілігін анықтауы;

b) тиісті білім беру, дайындау және (немесе) тәжірибе негізінде осы тұлғалардың құзыреттілігін қамтамасыз ету;

c) бұл қолданылатын жерде талап етілетін құзыреттілікті алуға және қабылданатын әрекеттердің нәтижелілігін бағалауға әрекеттерді қабылдау;

d) құзыреттіліктің куәгері ретінде тиісті құжатталған ақпаратты тіркеу және сақтау.

Ескертпелер – Қолданылатын әрекеттерге, мысалы оқытуды жүргізу, тәлімгерлік немесе бар қызметкерлердің арасында міндеттерді қайта үлестіру; немесе құзыреттіліктің талап етілетін деңгейіне ие тұлғаларды жалға алу кіруі мүмкін.

7.3 Хабардарлық

Ұйым ұйымның басқарумен жұмысты орындайтын тиісті тұлғалар мыналардан хабардар болушылығын қамтамасыз етуге тиіс:

а) сапа саласындағы саясат туралы;

b) сапа саласындағы сәйкес келетін мақсаттар туралы;

c) қызметтің нәтижелерінің жақсаруынан пайданы қоса алғанда, сапа менеджменті жүйесінің нәтижелілігіне өз үлесі туралы;

d) сапа менеджменті жүйесінің талаптарына сәйкессіздігінің салдарлары туралы.

7.4 Ақпарат алмасу

Ұйым сапа менеджменті жүйесіне қатысты ішкі және сыртқы ақпарат алмасу тәртібін анықтауға тиіс:

а) қандай ақпарат беріледі;

b) ақпарат қашан беріледі;

c) ақпарат кімге беріледі;

d) ол қалай беріледі;

e) ақпаратты кім береді.

7.5 Құжатталған ақпарат

7.5.1 Жалпы ережелер

Ұйымның сапа менеджменті жүйесіне мыналар кіреді:

a) осы стандарт қажет ететін құжатталған ақпарат;

b) сапа менеджменті жүйесінің нәтижелілігін қамтамасыз ету үшін қажет ретінде ұйым анықтаған құжатталған ақпарат.

Ескертпе – бір ұйымның сапа менеджменті жүйесінің құжатталған ақпарат көлемі екіншісінен мыналар бойынша ерекшеленуі мүмкін:

- ұйым көлемі және оның қызмет түрі, процестері, өнімдері мен қызметтері;
- процестердің күрделілігі және олардың өзара байланысы;
- қызметкерлердің біліктілігі.

7.5.2 Жасау және өзектендіру

Құжатталған ақпаратты жасау және өзектендіру кезінде ұйым тиісті түрде мыналарды қамтамасыз етуге тиіс:

a) сәйкестендіру және сипаттау (мысалы, атауы, күні, авторы, сілтемелік нөмірі);

b) пішімі (мысалы, тілі, бағдарламалық қамтамасыз ету нұсқасы, графикалық құралдар) және таратушы (мысалы, қағаз немесе электрондық);

c) жарамдылығы мен барабарлық тұрғысынан талдау және ресми мақұлдау.

7.5.3 Құжатталған ақпаратты басқару

7.5.3.1 Сапа менеджменті жүйесімен және осы стандартпен талап етілетін құжатталған ақпарат мыналарды қамтамасыз ету мақсатында басқаруда болуға тиіс:

a) оның қол жетімділігі мен жарамдылығы, ол қашан және қайда қажет;

b) оның жеткілікті қорғалуы (мысалы, құпиялылықты сақтамағаннан, тиісінше пайдаланылмағаннан немесе тұтастылығын жоғалтқаннан).

7.5.3.2 Құжатталған ақпаратты басқару үшін ұйым ол қаншалықты қолданылатын болса, соншалықты деңгейде мынадай әрекеттерді қарастыруға тиіс:

a) үлестіру, оның қолжетімділігін қамтамасыз ету және іздестіру, сонымен қатар пайдалану,

b) айқындықты сақтауды қоса алғанда сақтау және қорғау,

c) өзгерістерді басқару (мысалы, нұсқаларды басқару);

d) сақтау мерзімі мен жою тәртібін сақтау.

Сапа менеджменті жүйесін жоспарлау және қызмет ету үшін қажет ретінде ұйым анықтаған сыртқы шығу тегінің құжатталған ақпаратқа тиісті түрде бірдейлендірілген болуға және басқарылуға тиіс.

Сәйкестік куәлігі ретінде тіркелетін және сақталатын құжатталған ақпарат байқаусыз өзгерістерден қорғалған болуға тиіс.

Ескертпе – қолжетімділік тек құжатталған ақпаратты қарап шығуды шешуді немесе құжатталған ақпаратқа өзгерістер енгізу бойынша өкілеттіктерді қарауға рұқсат беруді білдіреді.

8 Өнімдер мен қызмет көрсетулердің өмірлік кезең сатыларындағы қызмет

8.1 Өнімдер мен қызмет көрсетулердің өмірлік кезеңінің сатыларындағы қызметті жоспарлау және басқару

Ұйым өнімдерді жеткізуге және қызмет көрсетулерді ұсынуға талаптарды орындау үшін және 6-тарауда анықталған әрекеттерді орындау үшін қажетті процестерді жоспарлауы, енгізуі (4.4) және осы процестерді мыналар арқылы басқаруды жүзеге асыруға тиіс:

a) өнімдер мен қызмет көрсетулерге талаптарды анықтау;

b) өлшемдерді белгілеу мыналар үшін:

1) процестерге;

2) өнімдер мен қызмет көрсетулерді қабылдауға;

c) өнімдер мен қызмет көрсетулерге талаптардың сәйкестігіне қол жеткізу үшін қажетті ресурстарды анықтау;

d) белгіленген өлшемдерге сәйкес процестерді басқару;

e) құжатталған ақпаратты анықтау, әзірлеу, жаңғырту және қолдану, сондай-ақ мыналар үшін қажетті көлемде тіркеу және сақтау:

1) процестер жоспарланғандай етіп орындалуы үшін сенімділікті қамтамасыз ету;

2) өнімдер мен қызмет көрсетулердің талаптарға сәйкестігін көрсету үшін.

Осындай жоспарлаудың нәтижелері ұйымның қызметі үшін лайықты болуға тиіс.

Ұйым жоспарланған өзгерістерді басқаруы және қажет болған жағдайда кез келген теріс ықпалдарды жеңілдету бойынша шараларды назарға ала отырып, көзделмеген өзгерістердің салдарларына талдау жасауға тиіс.

Ұйым сыртқы ұйымдарға табыс етілген процестердің басқарылуын қамтамасыз етуге тиіс (8.4-ті қараңыз).

8.2 Өнімдер мен қызметтерге қойылатын талаптар

8.2.1 Тұтынушылармен байланыс

Тұтынушылармен байланысқа мыналар кіруге тиіс:

a) өнімдер мен қызметтер туралы ақпаратпен қамтамасыз ету;

b) өзгерістермен қоса, сұраулар, келісім-шарттар немесе тапсырыстарды өңдеу;

c) тұтынушылардың кінәрат-талаптарымен қоса, тұтынушылардан өнімдер мен қызметтер туралы пікірлерін алу;

d) тұтынушылардың меншігін ұстау және басқару;

e) орынды жерде, күтпеген жағдайларда қабылданатын әрекетке қойылатын арнайы талаптарды белгілеу.

8.2.2 Өнімдер мен қызметтерге жататын талаптарды анықтау

Тұтынушыларға ұсынылатын өнімдер мен қызметтерге қойылатын талаптарды анықтау кезінде ұйым мыналарға:

a) өнімдер мен қызметтерге қойылатын талаптардың мыналармен қоса анықталуы:

1) қолданылатын заңнамалық және нормативтік құқықтық талаптар;

2) ұйым қажетті ретінде қарастыратын талаптар;

b) ұйым ұсынатын өнімдер мен қызметтерге қойылатын кінәрат-талаптарды қанағаттандыра алатындығына көз жеткізуге тиіс.

8.2.3 Өнімдер мен қызмет көрсетулерге талаптарды талдау

8.2.3.1 Ұйым олар тұтынушыларға ұсынатын өнімдер мен қызмет көрсетулерге талаптарды орындау қабілеттілігіне ие екендігіне көз жеткізуге тиіс. Ұйым өнімді қою немесе тұтынушыларға қызмет көрсетулерді ұсыну міндеттемесі алдында талдау жүргізуге тиіс, мыналарды ескеруі үшін:

a) тұтынушыларға белгіленген талаптарды, соның ішінде жеткізуден кейінгі қызметі мен жеткізуге талаптар;

b) тұтынушы өтінбеген, бірақ ол әйгілі болғандай нақты немесе болжамды пайдалануға қажетті талаптар;

c) ұйыммен белгіленген талаптар;

d) өнімдер мен қызмет көрсетулерге қолданылатын заңнамалық және нормативтік құқықтық талаптар;

e) бұрын қалыптастырылғаннан ерекшеленетін келісімшарттың немесе тапсырыстың талаптары.

Ұйым бұрын белгіленгеннен ерекшеленетін келісімшарттың немесе тапсырыстың талаптары бойынша шешімдер қабылданатындай етіп қамтамасыз етілуге тиіс.

Егер тұтынушы құжатталған талаптарды алға тартпаса, ұйым оны орындауға қабылдағанға дейін оның талаптарын растауға тиіс.

Ескертпе – Интернет арқылы жүзеге асырылатын сатулар сияқты кейбір жағдайларда әр тапсырыстың ресми талдауын жүргізген іс-жүзінде орынсыз. Оның орнына талдау каталогтар сияқты өнім туралы тиісті ақпаратқа таралуы мүмкін.

8.2.3.2 Ұйым мыналарға қатысты ол қаншалықты қолданылатын болса, соншалықты құжатталған ақпаратты тіркеуге және сақтауға тиіс:

a) талдау нәтижелерін;

b) өнімдер мен қызмет көрсетулерге кез келген жаңа талаптарды.

8.2.4 Өнімдер мен қызмет көрсетулерге талаптарды өзгертулер

Егер өнімдер мен қызмет көрсетулерге талаптар өзгертілсе, ұйым тиісті құжатталған ақпаратқа түзетулер енгізілгендей қамтамасыз етілген, ал тиісті персонал өзгертілген талаптар туралы хабардар етілген болуға тиіс.

8.3 Өнімдер мен қызметтерді жобалау және әзірлеу

8.3.1 Жалпы ережелер

Ұйым кейін өнімді өндіру немесе қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін қолайлы жобалау және әзірлеу процесін әзірлеуге, енгізуге және сүйемелдеуге тиіс.

8.3.2 Жобалау және әзірлеуді жоспарлау

Жобалау мен әзірлеуді басқару кезеңдерін және құралдарын анықтау кезінде ұйым мыналарды:

a) жобалау және әзірлеу бойынша жұмыстардың сипатын, ұзақтылығы және күрделілігін;

b) жобалау мен әзірлеудің қолданылатын талдауларын жүргізуді қоса алғанда процестің талап етілетін сатыларын;

c) жобалау мен әзірлеудің верификациясы мен валидациясына қатысты талап етілетін әрекеттерді;

d) жобалау мен әзірлеу саласындағы міндеттерді, жауапкершілік пен өкілеттіктерді;

e) өнімдер мен қызмет көрсетулерді жобалау мен әзірлеуге арналған ішкі және сыртқы ресурстарды;

f) жобалау мен әзірлеу процесіне қатысатын тұлғалар арасындағы өзара әрекетті басқару қажеттілігін;

g) тұтынушылар мен пайдаланушыларды жобалау мен әзірлеу процесіне тарту қажеттілігін;

h) өнімдер мен қызмет көрсетулерді кейінгі өндірісіне арналған талаптарды;

i) тұтынушылармен және басқа да тиісті мүдделі тараптармен күтілетін жобалау мен әзірлеудің процесін басқару деңгейін;

j) жобалау мен әзірлеуге талаптарды орындауды демонстрациялауға қажетті құжаттаған ақпаратты қарастыруға тиіс.

8.3.3 Жобалау мен әзірлеудің шығыс деректері

Ұйым жобаланатын және әзірленетін өнімдер мен қызмет көрсетулердің нақты түрі үшін маңызды мәні бар талаптарды анықтауға тиіс. Ұйым мыналарды қарастыруға тиіс:

a) функционалдық және пайдаланушылық талаптарды;

b) жобалау мен әзірлеу бойынша алдыңғы ұқсас қызметтен алынған ақпаратты;

c) заңнамалық және нормативтік құқықтық талаптарды;

d) ұйым қолдануға міндеттенген стандарттар мен тәжірибе жинақтарын;

e) өнімдер мен қызмет көрсетулердің сипатымен байланысты сәтсіздіктердің болуы мүмкін салдарларды.

Кіріс деректер жобалау мен әзірлеу мақсаттарына адекватты, сондай-ақ толық және қарама-қайшы емес болуға тиіс.

Жобалау мен әзірлеудің кіріс деректерінің қарама-қайшылықтары шешілген болуға тиіс.

Ұйым жобалау мен әзірлеудің кіріс деректері бойынша құжатталған ақпаратты тіркеуі және сақтауға тиіс.

8.3.4 Жобалау мен әзірлеуді басқару құралдары

Ұйым мыналарға сенімділікті қамтамасыз ету үшін жобалау мен әзірлеудің процесін басқару құралдарын қолдануға тиіс:

a) қол жеткізілген болуға тиіс нәтижелер анықталған;

b) жобалау мен әзірлеудің нәтижелерінің талаптарды орындау қабілеттіліктерін бағалау үшін талдаулар жүргізілген;

c) жобалау мен әзірлеудің шығыс деректерінің жобалау мен әзірлеуге кіріс талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында верификация бойынша әрекеттер жүргізілген;

d) дайын өнімдер мен қызмет көрсетулердің белгіленген қолдануға немесе көзделген пайдалануға талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында валидация бойынша әрекеттер жүргізілген;

e) талдау немесе верификация мен валидация барысында анықталған проблемалар бойынша қажетті әрекеттер қабылданған;

f) осы әрекеттер туралы құжатталған ақпарат тіркелген және сақталған болуға тиіс.

Ескертпе – Жобалау мен әзірлеудің талдауының, верификациясы мен валидациясының түрлі мақсаттары бар. Олар жеке немесе ол ұйымның өнімдері мен қызмет көрсетулеріне қаншалықты қолданылғанша бірлесіп те орындалуы мүмкін.

8.3.5 Жобалау мен әзірлеудің шығыс деректері

Ұйым жобалау мен әзірлеудің шығыс деректерін қамтамасыз етуге тиіс:

a) кіріс талаптарға сәйкес келуін;

b) өнімдерді өндіру және қызмет көрсетулерді ұсынудың кейінгі процестері үшін адекватты болуы;

c) ол қаншалықты лайық болғанынша мониторинг пен өлшеуге талаптардан, сондай-ақ қабылдау өлшемдерінен немесе оларға сілтемелерден тұруы;

d) олардың мақсатты арналуы, қауіпсіз және тиісінше ұсынылуы үшін маңызды мәні бар өнімдер мен қызмет көрсетулердің сипаттамаларын анықтауы.

Ұйым жобалау және әзірлеудің шығыс деректері бойынша құжатталған

ақпаратты тіркеуге және сақтауға тиіс.

8.3.6 Жобалау және әзірлеу өзгерістері

Ұйым талаптарға сәйкес келудің теріс әсерін болдырмауын қамтамасыз ету үшін қажет дәрежеде өнімдер мен қызметтерді жобалау және әзірлеу кезінде және одан кейін жасалған өзгерістерді сәйкестендіруге, талдауға және басқаруға тиіс.

Ұйым төмендегілер бойынша құжатталған ақпаратты тіркеуге және сақтауға тиіс:

a) жобалау және әзірлеу өзгерістері;

b) талдау нәтижелері;

c) өзгерістерге рұқсат ету;

d) қолайсыз әсерлерді болдырмау үшін қолданылған әрекеттер.

8.4 Сыртқы жеткізушілердің процестерді, өнімдерді және қызметтерді басқаруы

8.4.1 Жалпы ережелер

Ұйым сыртқы жеткізушілермен жеткізілетін өнімдер мен қызмет көрсетулердің, процестердің талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуге тиіс.

Ұйым сыртқы жеткізушілермен жеткізілетін өнімдер мен қызмет көрсетулер, процестер үшін қолданылатын басқару құралдарын мына жағдайларда анықтауға тиіс:

a) сыртқы жеткізушілерден өнімдер мен қызмет көрсетулер оларды ұйымның өзімен ұсынылатын өнімдер мен қызмет көрсетулердің құрамына енгізу үшін арналған;

b) өнімдер мен қызмет көрсетулер тұтынушыға(ларға) ұйымның атынан тікелей сыртқы жеткізушілер жеткізетін;

c) процесс немесе оның бөлігін ұйымның шешім қабылдауы нәтижесінде сыртқы жеткізуші орындайды.

Ұйым қызметінің нәтижелерін бағалау, таңдау, мониторингі өлшемдерін, сондай-ақ сыртқы жеткізушілерді олардың өнімдер мен қызмет көрсетулерді талаптарға сәйкес жеткізуі немесе процестерді орындау қабілеттілігіне сүйене отырып, қайтадан бағалауды анықтауы және қолдануға тиіс. Ұйым осы әрекеттер туралы және бағалаулардан туындайтын кез келген қажетті әрекеттер туралы құжатталған ақпаратты тіркеуге және сақтауға тиіс.

8.4.2 Басқару типі және дәрежесі

Ұйым сыртқы жеткізушілер жеткізетін өнімдер мен қызмет көрсетулер, процестер ұйымның өз тұтынушыларына тиісті өнім мен қызмет көрсетуді тұрақты жеткізіп отыру қабілеттілігіне теріс әсерлерін тигізбейтіндей қамтамасыз етуге тиіс.

Ұйым мыналарды:

a) сыртқы жеткізушілер жеткізетін процестер оның сапа менеджменті жүйесімен басқарылуын қамтамасыз етуі;

b) ол сыртқы жеткізушіге де сол сияқты оларға жеткізілетін нәтижелерге де қатысты қолдануды жоспарлайтын басқару құралдарын анықтауы;

c) мыналарды ескеруге:

1) сыртқы жеткізушілер жеткізетін процестердің, өнімдер мен қызмет көрсетулердің ұйымның тұтынушылардың талаптары мен қолданылатын заңнамалық және нормативтік құқықтық талаптарға сәйкестігін тұрақты қамтамасыз етуге қабілетті болуының ықтимал ықпалы;

2) сыртқы жеткізушілер қолданатын басқару құралдарының нәтижелілігін;

d) сыртқы жеткізушілер жеткізетін процестердің, өнімдер мен қызмет көрсетулердің талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін қажетті верификация немесе басқа да әрекеттерді анықтауға тиіс.

8.4.3 Сыртқы жеткізушілерге берілетін ақпарат

Ұйым сыртқы жеткізушіге хабарлағанға дейін талаптардың жеткіліктілігін қамтамасыз етуге тиіс.

Ұйым сыртқы жеткізушілерге төмендегілерге қатысты өздерінің талаптарын хабарлауға тиіс:

a) жеткізілетін процестерге, өнімдерге және қызметтерге;

b) мақұлдауға:

1) өнімдер мен қызметтер;

2) әдістер, процестер мен жабдықтар;

3) өнімдер мен қызметтерді шығару;

c) кез келген біліктілікті растаудың қажетті шараларымен қоса, персонал біліктілігі;

d) сыртқы жеткізушінің ұйыммен өзара әрекеті;

e) сыртқы жеткізушінің қызмет нәтижелерін ұйым қолданатын басқару мен мониторинг;

f) ұйым немесе оның тұтынушылары сыртқы жеткізуші орнында іске асыруды ұсынатын верификация немесе валидация бойынша қызметтер.

8.5 Өнімдер мен қызметтерді өндіру

8.5.1 Өнімдер мен қызметтердің өндірісін басқару

Ұйым басқарылатын жағдайларда өнімдердің өндірісі мен қызмет көрсетулерді жүзеге асыруға тиіс.

Басқарылатын шарттарға ол қолданылуына қарай мыналар кіруге тиіс:

a) мыналарды анықтайтын құжатталған ақпаратқа қолжетімділік:

1) өндірілетін өнімнің, ұсынылатын қызмет көрсетулердің немесе жүзеге асырылатын қызметтің сипаттамалары;

2) қол жеткізілуге тиіс болатын нәтижелер:

b) мониторинг пен өлшеулерді жүзеге асыру үшін лайықты ресурстарды қолжетімділік пен қолдану;

c) процестердің немесе олардың амалдарының басқару өлшемдеріне сәйкестігін, сондай-ақ өнімдер мен қызмет көрсетулердің қабылдау өлшемдеріне сәйкестігін верификациялау мақсатында тиісті кезеңдерде мониторинг пен өлшеу бойынша қызметті жүзеге асыру;

d) тиісті инфрақұрылымды және процестердің қызмет етуге арналған ортаны қолдану;

e) кез келген талап етілетін біліктілікті қоса алғанда құзыретті персоналды тағайындау;

f) өнім өндірісі мен қызмет көрсетілерді ұсыну процестерінің түпкі амалдары кейінгі мониторигпен немесе өлшеумен верификацияланбайтын жағдайларда жоспарланған нәтижелерге қол жеткізу қабілетін валидациялау және мерзімді қайтадан валидациялау;

g) адамзаттық фактормен байланысты болған қателіктерді болдырмау мақсатында әрекеттерді орындау;

h) шығаруды, жеткізуді және жеткізуден кейінгі әрекетті жүзеге асыру.

8.5.2 Түгендеу және қадағалаушылық

Ұйым өнімдер мен қызмет көрсетулерге сәйкес қамтамасыз ету үшін қажет болатын кезде шығыстарды бірдейлендіру үшін ыңғайлы әдістерді пайдалануға тиіс.

Өнімді өндіру және қызметтерді көрсету барысы бойынша мониторинг пен өлшемдерге жататын талаптарға қатысты шығыстар мәртебесін бірдейлендіруге тиіс.

Көзден таса қылмай қарау талап болып табылса ұйым арнайы бірдейлендірілген шығыстармен басқаруға тиіс, көзден таса қылмай қарауды қамтамасыз ету үшін қажет құжатталған ақпаратты тіркеу және сақтау.

8.5.3 Тұтынушылардың немесе сыртқы жеткізушілердің меншігі

Ұйым ол ұйымның басқаруында немесе оның пайдалануында тұрған кезде тұтынушылардың немесе сыртқы жеткізушілердің меншігіне қамқорлық көрсетуге тиіс.

Ұйым пайдалануға немесе өнімге және қызмет көрсетуге қосуға ұсынылған тұтынушының немесе сыртқы жеткізушінің меншігін сәйкестендіруі, верификациялауы, сақтауы және қорғауға тиіс.

Тұтынушының немесе сыртқы жеткізушінің меншігі жоғалған, зақымданған немесе пайдалануға жарамсыз деп танылған жағдайда ұйым тұтынушыны немесе сыртқы жеткізушіні ол туралы хабардар етуі, сондай-ақ болған оқиға туралы құжатталған ақпаратты тіркеуі және сақтауға тиіс.

Ескертпе – тұтынушының немесе сыртқы жеткізушінің меншігіне материалдар, компоненттер, құрал-саймандар мен жабдықтар, мүлік, интеллектуалдық меншік пен

дербес деректер кіруі мүмкін.

8.5.4 Сақтау

Ұйым бұл талаптарға сәйкестікті қамтамасыз ету үшін қаншалықты қажет болатын шамада өнімдерді өндіру және қызмет көрсетулерді ұсыну кезінде амалдарды сақтауға тиіс.

Ескертпе – Сақтауға теңдестіру, жүк түсіру-жүк арту жұмыстары, ластанудың алдын алу, қораптау, сақтау, орнын ауыстыру немесе тасымалдау мен қорғау кіруі мүмкін.

8.5.5 Жеткізуден кейінгі қызмет

Ұйым өнімдермен және қызмет көрсетулермен байланысты қызметке, олар жеткізіліп болғаннан кейін талаптардың орындалуын қамтамасыз етуге тиіс.

Жеткізуден кейін талап етілетін қызметтің көлемін анықтаған кезде ұйым мыналарды қарастыруға тиіс:

a) заңнамалық және нормативтік құқықтық талаптарды;

b) оның өнімімен және қызмет көрсетулерімен байланысқан потенциалды ырықсыз салдарларды;

c) өнімдер мен қызмет көрсетулер өмірінің сипаты, пайдалану және болжамды уақытын;

d) тұтынушылардың талаптарын;

e) тұтынушылармен кері байланысты.

Ескертпе – Жеткізуден кейінгі қызметке кепілдендірілген міндеттемелерге, келісімшарттық міндеттемелерге (қызмет ету сияқты) және қосымша қызметтерге, мысалы қайта өңдеу немесе ақырғы жою сияқты міндеттемелерге сәйкес әрекеттер кіруі мүмкін.

8.5.6 Өзгерістерді басқару

Ұйым өнімді шығарудағы және қызмет көрсетудегі өзгерістерді талдау тиіс және онымен талаптарға үнемі сәйкестігін қамтамасыз ету үшін қажеті қаншалықты болғандай дәрежеде басқару керек.

Ұйым өзгерістерді талдау нәтижелерін, лауазымды тұлғалар туралы мәліметті, рұқсат етілген өзгерістерді және талдаудың нәтижесі болып табылатын барлық қажетті әрекеттерді сипаттайтын құжатталған ақпаратты тіркейді және сақтайды.

8.6 Өнімдер мен қызмет көрсетулерді шығару

Өнім мен көрсетілетін қызметтерге қойылатын талаптарды анықтау мақсатында жоспарланған іс-шараларға тиісті кезеңдерде енгізу тиіс.

Тұтынушыларға арналған өнімдерді шығару және қызмет көрсету, ол уәкілетті органмен және/немесе тұлғамен және тұтынушы өзі мүдделі болған жағдайларды қоспағанда, қанағаттанарлық нәтижемен барлық жоспарланған

нәтижелерді іске асырып болғанға дейін аяқталмауға тиіс.

Ұйым өнімді шығару және қызметті көрсету туралы құжатталған ақпаратты тіркеу және сақтау тиіс. Құжатталған ақпаратқа мыналар жатады:

a) қабылдау критерийлеріне сәйкестігін көрсететін куәлік;

b) өнім шығаруға және қызмет көрсетуге рұқсат берген лауазымды тұлғаға қатысты қадағалап қарау.

8.7 Процестердің сәйкессіздік нәтижелерін басқару

8.7.1 Олардың пайдалануға немесе жеткізуге жатпайтын алдын алу мақсатында талаптарға сәйкес келмейтін процестерді бірдейлендіруді және нәтижелерін басқаруды қамтамасыз ету тиіс.

Өнім мен көрсетілетін қызметтің сәйкес еместігін және оның сәйкестігіне ықпал жасауды есепке ала отырып, тиісті әрекеттерді қолданады. Ол қызмет көрсету барысында немесе оны көрсеткеннен кейін өнімді жеткізгеннен кейін анықталған сәйкес келмейтін өнімдер мен қызмет көрсетулерде де қолдануға тиіс.

Ұйым сәйкес келмейтін нәтижелерге қатысты мынадай бір немесе бірнеше әрекеттерді жүзеге асыруға тиіс:

a) түзету;

b) өнім мен қызмет көрсетулерді бөлу, таралуын шектеу, кері қайтару немесе жеткізуді уақытша тоқтату;

c) тұтынушыларға хабарлау;

d) ауытқумен қабылдауға рұқсат алу.

Процестердің сәйкес келмейтін нәтижелерін түзетуді орындаған соң, олардың талаптарға сәйкестігін салыстырып тексерілуге тиіс.

8.7.2. Ұйым құжатталған ақпараттарды тіркеуге және сақтауға тиіс:

a) сәйкессіздікті сипаттайды;

b) қабылданған әрекетті сипаттайды;

c) ауытқуға алынған рұқсаттарды сипаттайды;

d) сәйкессіздікке қатысты әрекет туралы шешім қабылдаған уәкілетті орган және/немесе тұлғаны көрсетеді.

9 Қызмет нәтижелерін бағалау

9.1 Мониторинг, өлшеу, талдау және бағалау

9.1.1 Жалпы ережелер

Ұйым:

a) мониторинг пен өлшеулерге не жатқызылуға тиіс:

b) сенімді нәтижелерді қамтамасыз ету үшін қажетті мониторинг, өлшеулер, талдау және бағалау әдістері қандай;

c) мониторинг пен өлшемдер қай кезде жүргізілуге тиіс;

d) мониторинг және өлшеу нәтижелері қай кезде талдануға және бағалануға тиіс екендігін анықтауға тиіс.

Ұйым сапа менеджменті жүйесінің қызмет нәтижелері мен нәтижелілігін бағалауға тиіс.

Ұйым тиісті құжатталған ақпаратты алынған нәтижелердің куәлігі ретінде тіркеуге және сақтауға тиіс.

9.1.2 Тұтынушылардың қанағаттануы

Ұйым қажеттіліктер мен болжалдарды қанағаттандыру дәрежесін тұтынушылардың қабылдауына қатысты деректерге мониторинг жүргізуге тиіс. Ұйым осы ақпаратты алу, мониторинг және талдау әдістерін анықтауға тиіс.

Ескертпе – тұтынушылардың қабылдау мониторингінің мысалдарына тұтынушылардың сұрауы, тұтынушылардың жеткізілген өнімдер мен қызметтер туралы пікірлері, тұтынушылармен кездесулер, нарық үлесінің талдауы, ризашылық, кепілді міндеттер бойынша кінәрат-талаптар және диллерлердің есептері.

9.1.3 Талдау және бағалау

Ұйым мониторинг және өлшеу барысында алынған тиісті деректер мен ақпараттар талдануға және бағалануға тиіс.

Талдау нәтижелері мыналарды бағалау үшін қолданылуы қажет:

a) өнім мен қызметтің сәйкестігі;

b) тұтынушылардың қанағаттану дәрежесі;

c) сапа менеджменті жүйесі қызметі нәтижелері мен нәтижелілігі;

d) жоспарлау сенімділігі;

e) қауіп-қатерлер мен мүмкіндіктерге қатысты қолданылған әрекеттердің нәтижелілігі;

f) сыртқы жеткізушілер қызметінің нәтижелері;

g) сапа менеджменті жүйесін жақсарту қажеттілігі.

Ескертпе – Деректерді талдау әдістеріне статистикалық әдістер кіреді.

9.2 Ішкі аудит

9.2.1 Ұйым ақпаратты алу үшін уақыттың жоспарланған аралығы арқылы ішкі аудитті жүргізуге тиіс, сапа менеджменті жүйесі:

a) сәйкес келеді:

1) оның сапа менеджменті жүйесіне ұйымның өз талаптарына;

2) осы стандарттың талаптарына;

b) нәтижелі енгізілген және жұмыс істеп тұр.

9.2.2 Ұйым міндеті:

a) аудиттерді өткізу кезеңдігін және әдістерін қоса алғанда аудиттердің бағдарламасын (ларын) өзекті жағдайда ұстауды жоспарлау, әзірлеу, іске асыру және қолдау, сонымен қатар талаптарды тексеруге және есептерді ұсынуға жауапкершілік, жоспарлау. Аудиттердің бағдарламасы(лары) ұйымға және алдындағы аудиттер қорытындысына әсер ететін, тексерілетін

үдерістердің, өзгерістердің маңыздылығын есепке алумен әзірлеуге;

b) әр аудитке арналған аудит критерийлерін және тексеру саласын анықтау;

c) аудит үдерісінің объективтілігін және әділдігін қамтамасыз ететіндей қылып аудиторларды таңдау және аудитті өткізуге;

d) аудиттердің қорытындылары туралы тиісті басшыларға ақпаратты беруді қамтамасыз етуге;

e) негізсіз кідірмей тиісті түзетулерді және түзету әрекеттерін жүзеге асыруға;

f) құжатталған ақпаратты аудит бағдарламаларын және аудиттер қорытындыларын іске асырудың куәсі ретінде құжатталған ақпаратты тіркеу және сақтауға тиіс.

Ескертпе – нұсқаулыққа арналған ISO 19011 стандартын қараңыз.

9.3 Басшылық тарапынан талдау жасау

9.3.1 Жалпы ережелер

Жоғары басшылық сапа менеджмент жүйесінің тұрақты жарамдылығын, сайма-сайлығын, нәтижелігін және ұйымның стратегиялық бағытымен сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында оны жоспарланған уақыт аралығында талдауға тиіс.

9.3.2 Басшылық тарапынан талдау жасаудың кіріс деректері

Басшылық тарапынан талдау жоспарлануға және қарауына мыналар енгізілуге тиіс:

a) басшылық тарапынан алдыңғы талдаулардың нәтижелері бойынша әрекеттер статусы;

b) сапа менеджменті жүйесіне қатысты сыртқы және ішкі факторларға өзгерістер;

c) беталыстарды қоса алғанда, сапа менеджменті жүйесі нәтижелілігі қызметінің нәтижелері туралы ақпарат, мыналарға жататын:

1) тұтынушылардың қанағаттанушылығы және тиісті мүдделі тараптардан пікірлер;

2) сапа саласындағы мақсаттарға қол жеткізу дәрежесі;

3) процестердің көрсеткіштері мен өнімдер мен қызмет көрсетулердің сәйкестігі;

4) сәйкессіздіктер мен түзету әрекеттері;

5) мониторинг пен өлшеулер нәтижелері;

6) аудит нәтижелері;

7) сыртқы жеткізушілер қызметінің нәтижелері;

d) ресурстардың жеткіліктілігі;

e) қауіп-қатерлер мен мүмкіндіктерге қатысты қабылданған әрекеттердің

нәтижелілігі (6.1-ді қараңыз);

f) жақсартуға арналған мүмкіндіктер.

9.3.3 Басшылық тарапынан талдаудың шығыс деректері

Басшылық тарапынан талдау шығыс деректеріне мыналарға жататын шешімдер мен әрекеттер кіруге тиіс:

a) жақсартуға арналған мүмкіндіктерге;

b) сапа менеджменті жүйесінің кез келген қажетті өзгерістеріне;

c) ресурстарға қажеттіліктер.

Ұйым басшылық тарапынан талдау нәтижелерінің куәсі ретінде құжатталған ақпаратты тіркеуге және сақтауға тиіс.

10 Жақсарту

10.1 Жалпы ережелер

Ұйым тұтынушылардың талаптарын орындау және олардың қанағаттандырылуын арттыру үшін қажетті әрекеттерді жақсартуға және жүзеге асыруға арналған мүмкіндіктерді анықтауға және таңдауға тиіс.

Оған мыналар кіруге тиіс:

a) талаптарды орындау, сондай-ақ болашақтағы қажеттіліктер мен болжалдарды есеп алу мақсатында өнімдер мен қызмет көрсетулерді жақсарту;

b) ұнамсыз ықпалдарды түзету, болдырмау немесе төмендету;

c) сапа менеджменті жүйесінің қызмет нәтижелерін және нәтижелілігін жақсарту.

Ескертпе – жақсартулар мысалдарына түзету, түзету әрекеттері, тұрақты жақсарту, бұзып өтетін өзгеріс, инновация және қайта ұйымдастыру кіруі мүмкін.

10.2 Сәйкессіздік және түзету әрекеттері

10.2.1 Сәйкессіздіктер табылған кезде, соның ішінде наразылықтармен байланысты болғанда ұйым мыналарды орындауға тиіс:

a) осы сәйкессіздікке орай әрекет етуі және қолданылуына қарай:

1) табылған сәйкессіздікті басқару және түзеу бойынша әрекеттерді қабылдауы;

2) осы сәйкессіздіктің салдарларына қатысты әрекеттерді қабылдауы;

b) оның қайтадан пайда болуын немесе мыналар арқылы басқа жерде пайда болуын болдырмау үшін осы сәйкессіздіктің себептерін жою бойынша әрекеттердің қажеттілігін бағалауы:

1) сәйкессіздікті талдау;

2) сәйкессіздіктің пайда болуын туғызған себептерді анықтау;

3) ұқсас сәйкессіздіктің бар болуын немесе оның тағы да басқа жерде пайда болу мүмкіндігін анықтау;

c) барлық қажетті әрекеттерді орындау;

d) әр қабылданған түзету әрекеттің нәтижелілігіне талдау жасау;

e) қажеттілігіне қарай жоспарлау барысында анықталған тәуекелдер мен мүмкіндіктерді өзекті қылу;

f) қажеттілігіне қарай сапа менеджменті жүйесіне өзгерістер енгізу.

Түзету әрекеттері табылған сәйкессіздіктердің салдарларына сәйкес келуге тиіс.

10.2.2 Ұйым айғақ ретінде құжатталған ақпаратты тіркеуге және сақтауға тиіс:

a) табылған сәйкессіздіктердің сипаты мен кейінгі қабылданған әрекеттер;

b) барлық түзету әрекеттердің нәтижелері.

10.3 Тұрақты жақсарту

Ұйым сапа менеджмент жүйесінің жарамдылығын, сайма-сайлығын және нәтижелігін үнемі жақсартып отыруға тиіс.

Ұйым үнемі жақсарту шаралары ретінде қарастыруды талап ететін қажеттілігі немесе мүмкіндігі бар ма екендігін анықтау үшін талдау мен бағалау нәтижелерін, басшылық тарапынан талдаудың шығыс деректерін, қарастыруға тиіс.

А қосымшасы
(ақпараттық)

Жаңа құрылымды, терминологияны және ұғымдарды түсіндіру

А.1 Құрылым және терминология

Осы стандарт бөлімдерінің құрылымы (яғни бөлімнің жүйелілігі) және терминология бөлімі алдындағы нұсқамен (ISO 9001:2008) салыстырғанда, менеджмент жүйесінің басқа стандарттарына құрылымдық бірлесуін жақсарту мақсатында өзгертілген болатын.

Осы стандартта оның құрылымын пайдалануға және ұйымның сапасы менеджментінің ақпараттық жүйесін құжаттандыру жүйесінің терминологиясына талаптар қойылмайды.

Бөлімнің осы құрылымы ұйым саясатын, мақсаты мен үдерістерін құжаттандыру моделі болуы үшін талаптарды келісіп айтуды қамтамасыз ету үшін көбінесе арналған. Егер құжатталған ақпарат сапа менедженті жүйесіне жататын құжатталған ақпараттың құрылымы мен мазмұны ұйымдарда қызмет ететін үдерістерге жатса және басқа да мақсаттар үшін де қолданылса, пайдаланушыларға көп жағдайда қолайлы болуы мүмкін.

Сапа менеджмент жүйесіне талаптарды қою үшін, осы стандартта қолданылатын терминдерге ауыстырып, ұйым қолданатын терминдерді міндетті түрде бекіту қажет емес. Ұйымдар өз қызметінде өте ыңғайлы деп санайтын терминдерді пайдалана алады (мысалы, «құжатталған ақпарат» емес «жазулар», «құжаттама», «хаттамалар» деген терминдерді немесе «ішкі жеткізуші» емес - «жеткізуші», «әріптес», «сатушы» терминдерін пайдалану). А.1 кестесінде ISO 9001 стандартының осы нұсқасының арасындағы терминологиядағы негізгі айырмашылықтар көрсетілген.

А.1 кестесі - ISO 9001:2008 және ISO 9001:2015 арасындағы негізгі айырмашылықтар

ISO 9001:2008	ISO 9001:2015
Өнім	Қызметтің өнімі
Алып тастаулар	Қолданылмайды (қолдануына қатысты түсіндірмелер үшін А.5 қосымшасын қараңыз)
Басшылық өкілі	Қолданылмайды (Ұқсас жауапкершілік пен уәкілеттік белгіленген, бірақ басшылықтың жалғыз өкіліне қатысты талаптар жоқ)
Құжаттама, сапа бойынша нұсқау, құжатталған процедуралар, жазбалар	Құжатталған ақпарат
Өндірістік орта	Процестердің жұмыс істеуіне арналған орта
Мониторинг және өлшеуге арналған жабдық	Мониторинг және өлшеуге арналған ресурстар

А.1 кестесінің жалғасы

ISO 9001:2008	ISO 9001:2015
Сатып алынған өнім	Сырттан жеткізілетін өнімдер мен қызметтер
Жеткізуші	Сыртқы жеткізуші

А.2 Өнімдер мен қызмет көрсетулер

Осы стандарт нұсқасының ISO 9001:2008-ге шығыстардың барлық санаттарын қамту үшін «өнім» термині қолданылды. «Өнім және қызмет көрсету» сөз тіркесінде шығыстардың барлық санаттарын қамтиды (техникалық құралдар, қызмет көрсетулер, бағдарламалық құралдар және қайта өңделетін материалдар).

«Қызмет көрсетулерді» арнайы енгізу кейбір талаптарды қолдану үшін өнім мен қызмет көрсетулер арасындағы ерекшеліктерді бөліп көрсету үшін арналған. Қызмет көрсетудің өзіне тән ерекшеліктері тұтынушылармен тікелей өзара әрекет жасаған кезде ең кем дегенде шығыста пайда болады. Бұл, мысалы, талаптарға сәйкес қызмет көрсетуді аяқтағанға дейін ол кейде расталмауы мүмкін екенін білдіреді.

Көптеген жағдайларда «өнім» және қызмет көрсету» бірге қолданылады. Ұйым тұтынушыға көрсететін шығыстар, оларға ішкі өнім беруші көрсететін, көбінесе өнім де, қызмет көрсетулер де жатады. Мысалы, материалдық немесе материалдық емесе өнімдер онымен байланысты кейбір қызметтер немесе қызметтер болуы мүмкін.

А.3 Мүдделі тараптардың қажеттіліктері мен болжалдарын түсіну

4.2 кіші бөлімі сапа менеджмент жүйесіне қатысы бар ұйымдарға қойылатын талаптар және осы мүдделі тараптардың талаптары бар. Алайда 4.2 кіші бөлімі осы стандарттың шегінен тыс саладағы сапа менеджмент жүйесінің талаптарын қолдануды кеңейтуді көрсетеді. «Қолдану саласында» белгіленгендей осы стандарт, ұйым тұтынушылардың талаптарына және заңнамамен қолданылатын және нормативтік құқықтық талаптарға жауап беретін өнімдер көрсетілетін қызметтерді жеткізуді тұрақты негізде қамтамасыз ететін өз қабілетін көрсету қажет болған кезде қолданады.

Осы стандартта оның сапа менеджмент жүйесіне қатысты осы ұйыммен анықталған мүдделі тараптарды ұйым қарастыру туралы тараптар жоқ. Ұйым тиісті тараптардың қандай да бір нақты талаптары сапа менеджмент жүйесіне жататынын өзі шешеді.

А.4 Қауіп-қатер - болжалды ойлау

Осы стандарттың алдындағы нұсқасы ойлаудың қауіп-қатер - болжамы концепциясы және осы стандарттың алдындағы нұсқасы, мысалы, жоспарлау, талдау және жақсарту талаптары арқылы. Осы стандарт оның ортасын түсіну талаптарын ұйымдастыру үшін белгілейді (4.1 қараңыз) және жоспарлау негізі ретінде тәуекелді анықтайды (6.1 қараңыз). Сапа

менеджмент жүйесін жоспарлау және үдерісті енгізу үшін ойлаудың қауіп-қатер - болжамын қолдануды көрсетеді (4.4 қараңыз) және құжаттандыру ақпараты көлемін анықтауға көмек көрсетеді.

Сапа менеджмент жүйесінің маңызды мақсаттарының бірі ескерту құралы ретінде жұмыс істеуінде тұр. Сондықтан осы стандарттың ескерту әрекеті бойынша жеке бөлімі немесе тармағы жоқ. ескерту әрекеті деген ұғымында сапа менеджмент жүйесінің талаптарын тұжырымдау кезінде қауіп-қатер - болжамды ойлауды пайдалану арқылы көрсетілген.

Осы стандартта қолданылатын қауіп-қатер - болжамды ойлау алдындағы сипаттаманы және сипатталатын сипаттаманың талаптарын біршама қысқартуға септігін тигізді. Осы стандарт, ISO 9001:2008-ға қарағанда ұйымда үдерістерде, құжаттандыру ақпаратында және жауапкершілікті бөлуде өте универсалды.

6.1-де ұйымда тәуекелге қатысты әрекетті жоспарлау, тәуекел менеджментінің формаланған әдістерін талап етпейтін стандартты немесе тәуекел менеджментінің құжатталған үдерістері керектігі көрсетілген. Ұйым, осы стандартпен талап етілетін, тәуекел менеджментінің өте кеңейтілген әдістемесін әзірлеу қажет пе екенін шешуі мүмкін, мысалы басқа да басшылық нұсқамасы немесе стандарттарды қолдану есебінен.

Сапа менеджмент жүйесінің барлық үдерістері ұйымның өз мақсаттарына қол жеткізу қабілетіне қатысты бірдей тәуекел деңгейіне ие бола алмайды, және де ұйым үшін белгісіздікке әсер ету бірдей болмауы мүмкін. 6.1-дегі талаптарға сәйкес ұйым қауіп-қатер - болжамды ойлауды қолдануға және тәуекелге қатысты әрекет жасауға, оның ішінде ұйымның тәуекелдерін анықтаудың куәсі ретінде құжатталған ақпаратты тіркеу мен сақтау тиімділігін қолдануға жауапты болады.

А.5 Қолданушылық

Ұйымның сапа менеджменті жүйесіне стандарт талаптың қолданылуын анықтау кезінде осы стандарт «ерекшелікке» сілтеме жасамайды. Оған қарамастан, ұйым, оның көлемін немесе қиындығын, менеджмент моделін онымен пайдалануын, ұйым қызметінің саласын және тәуекел мен мүмкіндіктерінің сипаттамасын есепке алумен талаптардың қолданылуына талдау жасай алады.

Қолдануға қойылатын талаптар жағдайларды анықтайтын 4.3-кіші бөлімінде қарастырылады, онда ұйым сапа менеджмент жүйесін қолдану саласы қимасында үдерістердің бірде-біріне қолданылмайтын талаптар туралы шешім қабылдай алады. Ұйым егер осы шешім өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді сәйкес келтіруді қамтамасыз ететін қабілетіне әкеліп соқпайтын болса, талаптардың қолданылмайтын туралы шешім қабылдай алады.

А.6 Құжатталған ақпарат

Менеджмент жүйесіндегі жалпы бөлім басқа стандартпен үйлесімділігін қамтамасыз ету үшін «Құжаттық ақпарат» құрамдас бөлігі ретінде ешқандай қосындысыз, өзгертусіз енгізілді (7.5 қараңыз). Осы стандарттың мәтіні осы тараудың талаптарына мүмкіндігінше сәйкестендірілді. Осы себепті, барлық «Құжатталған ақпарат» термині барлық құжаттарға қатысты талаптарда қолданады.

ISO 9001:2008 –да «құжат» немесе «құжатталған процедуралар», «сапа бойынша нұсқау» немесе «сапа жоспары» арнайы терминдер қолданылды, стандарттың осы нұсқасында «құжатталған ақпаратты әзірлеу, жаңарту және қолдануға» қойылатын талаптар белгіленді.

ISO 9001:2008-да құжаттарды белгілеу үшін талаптарға сәйкес дәлелдемелерді ұсыну үшін қажетті «жазба» термині қолданылды, енді «құжатталған ақпаратты тіркеу және сақтау» талаптары қолданылады. Ұйым қандай құжатталған мәлімет тіркелген және сақталғандығы, қандай уақыт аралығында және ол үшін қандай құралдар қолданылғандығын анықтау үшін жауапты болады.

Құжатталған мәліметті «әзірлеу, жаңғырту және қолдану» жөніндегі талап ұйымның белгілі бір мақсаттар үшін осы құжатталған ақпаратты «тіркеу және сақтау» мүмкіндіктерін жоққа шығармайды, мысалы мәліметтердің алдыңғы нұсқаларын тіркеу және сақтау.

Осы стандарт «құжатталған ақпараттан» гөрі «ақпаратқа» жатқызылатын жерде (мысалы, 4.1 тармақшада: «ұйым осы сыртқы және ішкі факторлар туралы ақпараттың мониторингі мен талдауын іске асыруға тиіс»), осы ақпараттың құжатталған болуына талап жоқ. Мұндай жағдайларда, ұйым ол құжатталған ақпараттың дамыту, жаңарту және іске асыру үшін қажетті немесе тиісті болып табылатын шешім қабылдай алады.

А.7 Ұйымның білімі

Осы стандарттың 7.1.6-тармағы ұйым сүйемелдейтін білім менеджментін, оның процестерінің қызмет етуін және өнімдер мен қызмет көрсетулердің сәйкестігіне қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін анықтау және жүзеге асыру қажеттілігімен байланысқан.

Ұйым біліміне жататын талаптар мына мақсатта енгізілген:

а) ұйымды білімді жоғалтудан қорғау, мысалы мыналардан:

- кадрлардың тұрақтамауынан;
- ақпаратты алу және алмасу мүмкін еместігінен;

b) ұйымды білімді сатып алуға ынталандырудан, мысалы мыналардың негізінде:

- өз тәжірибесінен үйрену;
- тәлімгерлік;
- үздік тәжірибені зерделеу.

А.8 Сыртқы жеткізушілер жеткізетін процестерді, өнімдер мен қызмет көрсетулерді басқару

Процестерді, өнімдер мен қызмет көрсетулерді сыртқы жеткізушілердің барлық нысандары 8.4-те қарастырылған, мысалы:

a) жеткізушіден сатып алынған;

b) серіктес-компанияның келісімі бойынша алынған;

c) процестердің аутсорсингі негізінде сыртқы жеткізушілерден алынған.

Аутсоринг қызмет көрсетулердің негізгі сипаттамасына үнемі ие, өйткені қызметтің ең кем дегенде біреуі бар, оны орындау үшін өнім беруші мен ұйымның өзара әрекеттесуі қажет.

Ішкі өнім берушімен басқару құралы үдерістердің, өнімдердің және қызмет көрсетулерді сипаттамасына байланысты кеңінен құбылады. Ұйым нақты ішкі жеткізуші және ұсынылатын үдерістер, өнімдер мен қызмет көрсетулер үшін жарайтын басқару түрлері мен құралдарын анықтауға қауіп-қатер - болжамды ойлауды қолдана алады.

В қосымшасы
(ақпараттық)

ISO/ТК 176 әзірлеген сапа менеджменті саласындағы және сапа менеджменті жүйелеріне арналған басқа халықаралық стандарттар

Осы қосымшада сипатталған халықаралық стандарттарды осы стандартты қолданатын ұйымдарға қосымша ақпарат ұсыну үшін және оның талаптарын асып түсуге ұмтылатын ұйымдардың қызметіне басшылықты қамтамасыз ету үшін ИСО/ТК 176 техникалық комитеті әзірленген. Құжаттарда бар осы қосымшада аталған басшылыққа алынатын нұсқаулар немесе талаптар осы стандарт талаптарын толықтырмайды және өзгертпейді.

В.1 кестесі осы стандарттар мен осы стандарттың тиісті бөлімдері арасындағы қатынасты көрсетеді.

Осы қосымшада ИСО/ТК 176 техникалық комитеті әзірлеген сапа менеджменті жүйелеріне арналған салалық стандарттарға сілтемелер жоқ.

Осы стандарт ISO/ТК 176 әзірлеген үш негіз құраушы стандарттың бірі болып табылады.

ISO 9000 Сапа менеджменті жүйесі - Негізгі ережелер және сөздік осы стандартты дұрыс түсіну және іске асыру үшін негізді құрайды. Осы стандартты әзірлеу процесінде ISO 9000-да толық анықтамасы берілген сапа менеджменті принциптері ескерілген. Бұл принциптер талаптар болып табылмайды, бірақ осы стандарт қоятын талаптардың негізін құрайды. Сондай-ақ ИСО 9000 осы стандартта қолданылатын терминдерді, анықтамалар мен негізгі ұғымдарды белгілейді.

ISO 9001 (осы стандарт) тұтынушыларды қанағаттандыруды арттыру үшін, сол арқылы ұйымдар ұсынған өнімдер мен қызметтерге сенімді қалыптастыруға бағытталған талаптарды белгілейді. Осы стандартты дұрыс жүзеге асыру ұйымға жақсартылған ішкі ақпарат алмасу, жақсы түсіну және ұйым процестерін басқару сияқты ұйым үшін басқа пайдасын тигізеді.

ISO 9004 Ұйымның тұрақты табысына қол жеткізуге арналған менеджмент. Сапа менеджменті негізіндегі тәсілде ұйымдар үшін ұйым қызметінің жалпы нәтижелерін жақсартуды жүргізе алатындай мәселелердің кең ауқымын қамтитын, осы стандартты талаптарынан асып түсетін нұсқаулар беріледі. ISO 9004-ке өзін өзі бағалауда, ұйым сапа менеджменті жүйесіне өтеу деңгейін бағалауға мүмкіндік алатын әдістемелік нұсқаулықты қамтиды.

Төменде сипатталған халықаралық стандарттар ұйымға сапа менеджменті жүйесін, процестерді немесе қызмет түрлерін енгізу немесе оны жақсартуға ұмтылған кезде ұйымдарға көмектесе алады.

ISO 10001 Сапа менеджменті. Тұтынушылардың қанағаттануы. Ұйымдар үшін тәртіп ережелері бойынша басшылыққа алынатын нұсқаулар ұйым үшін тұтынушылардың қанағаттануын қамтамасыз ету бойынша

шаралары олардың қажеттіліктері мен болжалдарына жауап беретіндігін анықтауға арналған нұсқау ретінде қызмет етеді.

ISO 10002 Сапа менеджменті. Тұтынушылардың қанағаттануы. Ұйымдарда шағымдарды басқару жөніндегі басшылыққа алынатын нұсқаулар шағымдармен жүгінген тараптардың қажеттіліктер мен болжалдарды тануы мен зерделеуі арқылы шағымдарды қарау және шағымдармен байланысты мәселелерді шешу бойынша шешімдерді қабылдау процесі бойынша нұсқау ретінде қызмет етеді. Ол қызметкерлерді даярлауды қамтитын ашық, тиімді және оңай қолдану процесін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, оны шағын кәсіпорындарды басқару ретінде қолдануға болады.

ISO 10003 Сапа менеджменті. Тұтынушылардың қанағаттануы. Ұйымнан тыс даулы мәселелерді реттеу жөніндегі басшылыққа алынатын нұсқаулар өнімдермен байланысты шағымдар бойынша ұйымнан тыс дауларды нәтижелі және тиімді шешу үшін нұсқаулық ретінде қызмет етеді. Дауларды шешу ұйым ішіндегі шағымдарды қанағаттандыру бойынша мәселелерді реттей алмаған кезде, жағдайды реттейтін құрал болып табылады. Көптеген шағымдар тараптар қарсы күресуші тараптар болып табылатын процедураларды қолданусыз ұйым ішінде шешілуі мүмкін.

ISO 10004 Сапа менеджменті. Тұтынушының қанағаттануы. Мониторинг және өлшеу жөніндегі басшылыққа алынатын нұсқаулар тұтынушылардың қанағаттануын арттыруға және тұтынушылар үшін құнды болып табылатын өнімдерді, процестерді және сипаттамаларды жақсарту үшін мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған шараларды жасау үшін нұсқау ретінде қызмет етеді. Мұндай шаралар тұтынушылардың адалдығын күшейтуі және ұйымға тұтынушыларды ұстап тұру үшін көмектесе алады.

ISO 10005 Сапа менеджменті жүйелері. Процестің талаптарын байланыстыратын байланыстырғыш құрал немесе өнім өндірісін қамтамасыз ететін жұмыс әдістері мен тәжірибелерімен келісімшарт ретінде сапа жоспарларын әзірлеу және пайдалану жөніндегі басшылыққа алынатын нұсқаулық. Сапа жоспарын әзірлеу артықшылығы талаптарының орындалуы, процестердің басқарылуы, сондай-ақ жұмысқа тартылған барлық адамдардың қызығушылығының болуына сенімділікті арттыруда көрсетіледі.

ISO 10006 Сапа менеджменті жүйелері. Жобаларды сапа менеджментіне арналған нұсқаулардың жобаларын кең көлемде қолдану сериясы бөлігі болып табылатын бір жобадан екінші жобаға қарапайымнан күрделіге қарай шағын ірі жобаларды кең ауқымдыға қолданылады. ISO 10006 жоба басқаруды жүзеге асыратын қызметкерлер және сапа менеджменті жүйесін ISO арналған стандарттар қамтылған, олардың ұйымдастыру тәжірибесін, сақталуын қамтамасыз ету үшін мұқтаж адамдарға қолданылады.

ISO 10007 Сапа менеджменті жүйелері. Конфигурацияны басқару үшін, нұсқаулар өнімнің өмірлік циклінің барлық техникалық және әкімшілік

басқару үшін конфигурация басқаруды қолдануда ұйымдарға көмектесуге арналған. Конфигурация басқару осы стандартта көрсетілген өнімдер сәйкестендіру және бақылау мүмкіндігі үшін талаптарды орындауға пайдалануға болады.

ISO 10008 Сапа менеджменті. Тапсырыс берушілердің қанағаттандырылуы. Заңды және жеке тұлғалардың арасындағы электрондық коммерциялық мәмілелер бойынша нұсқаулар ұйымдар, компаниялар мен тұтынушылар арасындағы электрондық сауда-саттыққа тиімді және тиімсіз жүйесін енгізу, және, осылайша, тұтынушылар үшін негіз бола алатын тәсілдеріне қатысты нұсқаулар берілген, осыған қатысты сенімін өсіретін электрондық коммерция; тұтынушыларды қанағаттандыру үшін ұйымның қабілетін жақсарту; сондай-ақ шағымдар мен дауларды санын азайту.

ISO 10012 Өлшеу басқару жүйелері. Өлшеу процестері мен өлшеу техникасы талаптарына өлшеу процестер және метрологиялық талаптарға сәйкестігін қолдау және көрсету үшін пайдаланылатын өлшеу жабдықтарын метрологиялық растау басқару үшін нұсқаулық ретінде қызмет етеді. Стандартты метрологиялық талаптарды жүзеге асыру үшін өлшеу басқару жүйесіндегі сапа менеджменті талаптарын анықтайды.

ISO / TR 10013 сапа менеджменті жүйесінің құжаттарын арналған нұсқаулар сапа менеджменті жүйесі үшін қажетті құжаттаманы әзірлеу және іске асыру бойынша нұсқаулар береді. Бұл техникалық есеп осындай экологиялық менеджмент жүйелерін және қауіпсіздік басқару жүйелері ретінде ИСО стандарттары болып табылатын сапа менеджменті жүйесін, басқа басқару жүйесін құжаттау үшін пайдалануға болады.

ISO 10014 Сапа менеджменті. Қаржылық және экономикалық артықшылықтарға қол жеткізуге арналған нұсқаулар аға басшылығына жолданған. Стандартты сапа менеджменті принциптерін қолдану арқылы қаржылық және экономикалық артықшылықтарға қол жеткізуге арналған нұсқаулар береді. Ол басқару принциптерін қолдану бойынша жұмыстарды көмектеседі және ұйымдар тұрақты табысқа қамтамасыз етуге мүмкіндік әдістері мен құралдарын таңдау жеңілдетеді.

ISO 10015 Сапа менеджменті. Даярлау жөніндегі нұсқаулықты оқыту мәселелеріне арналған ұйымдар мен көмек көрсетуге бағытталған нұсқаулар ұсынады. «Білім» және сапа менеджменті жүйесін ISO арналған стандарттар пайдаланылатын «оқыту», сілтемелерін түсіндіру үшін басқару қажет ететін барлық жағдайларда қолданылуы мүмкін стандартты мазмұны ашып көрсетуге тиіс. «Оқыту» кез келген сілтемеге білім беру және оқытудың барлық түрлері кіреді.

ISO/TO 10017 ИСО 9001: 2000-ға сәйкес статистикалық әдістерін ашып, ИСО 9001: 2000 тіпті айқын тұрақтылықтың атынан, мінез-құлық және процестер нәтижелері байқалады, өзгермелілігіне байланысты оның қолданылуын қамтамасыз етеді. Статистикалық әдістер шешім қабылдауға көмектесу үшін қолданыстағы деректерді тиімді пайдалану мүмкіндік береді,

және, осылайша, клиенттердің қанағаттану жету үшін өнімдер мен процестердің сапасын үнемі жақсартуға ықпал етеді.

ISO 10018 Сапа менеджменті. Қызметкерлерді тарту және олардың біліктілігі жөніндегі басшылыққа алынатын нұсқауларда қызметкерлерді тарту мен біліктілігіне әсер ететін басшылыққа алынатын нұсқауларды береді. Сапа менеджменті жүйесі білікті қызметкерлерді тартуға және олар қалай пайдаланылады және ұйымға қаншалықты енгендігіне байланысты болады. Оған қажетті білім, дағды,тәртіп пен жұмыс ортасын анықтау, дамыту және бағалау аса маңызды болып табылады.

ISO10019 Жүйелер бойынша консультанттарды таңдау және олардың қызметін пайдалану жөніндегі басшылыққа алынатын нұсқаулар сапа менеджменті жүйелері мен олардың қызметтерін пайдалану жөніндегі консультанттарды іріктеу жөніндегі нұсқаулық ретінде қызмет етеді. Стандарт сапа менеджменті жүйелері бойынша консультанттардың біліктілігін бағалау процесі бойынша нұсқау береді және консультациялық қызметіне қатысты ұйымның қажеттіліктері мен үміттерін қанағаттандырады деген сенімділік береді.

ISO19011 Менеджмент жүйесінің аудиті бойынша басшылыққа алынатын нұсқаулар аудит бағдарламасының менеджменті бойынша, менеджмент жүйесіне аудит жоспарлау және өткізу бойынша, сондай-ақ, аудитор білктілігі мен бағалау және аудиторлық топтар бойынша нұсқау ретінде қызмет етеді. Бұл менеджмент жүйесін енгізетін аудиторларға, ұйымдарға және менеджмент жүйесін аудиторлық тексеру жүргізуді қажет ететін ұйымдардың қолдануына арналған.

В.1 кестесі – Сапа менеджменті және сапа менеджменті жүйелері бойынша басқа халықаралық стандарттардың осы ұлттық стандарттың бөлімдерімен өзара байланысы

Басқа халықаралық стандарттар	Осы ұлттық стандарттағы бөлімдер						
	4	5	6	7	8	9	10
ISO 9000	Барл.	Барл.	Барл.	Барл.	Барл.	Барл.	Барл.
ISO 9004	Барл.	Барл.	Барл.	Барл.	Барл.	Барл.	Барл.

В.1 кестесінің жалғасы

Басқа халықаралық стандарттар	Осы ұлттық стандарттағы бөлімдер						
	4	**5**	**6**	**7**	**8**	**9**	**10**
ISO 10001					8.2.2, 8.5.1	9.1.2	
ISO 10002					8.2.1	9.1.2	
ISO 10003						9.1.2	
ISO 10004						9.1.2,	
ISO 10005		5.3	6.1, 6.2	Барл.	Барл.	9.1	10.2
ISO 10006	Барл.	Барл.	Барл.	Барл.	Барл.	Барл.	Барл.
ISO 10007					8.5.2		
ISO 10008	Барл.	Барл.	Барл.	Барл.	Барл.	Барл.	Барл.
ISO 10012				7.1.5			
ISO/TR				7.5			
ISO 10014	Барл.	Барл.	Барл.	Барл.	Барл.	Барл.	Барл.
ISO 10015				7.2			
ISO/TR			6.1 ^	7.1.5		9.1	
ISO 10018	Барл.	Барл.	Барл.	Барл.	Барл.	Барл.	Барл.
ISO 10019					8.4		
ISO 19011						9.2	

Ескертпе – Нақты тармақтар көрсетілмеген, ал оның орнына «Барлығы» көрсетілген жерлерде ISO 9001-дің осы бөлігінің барлық тармақтары тиісті стандарттармен байланысты.

Библиография

[1] ISO 9004 Ұйымның тұрақты жетістігіне қол жеткізу мақсатындағы менеджмент. Сапа менеджменті тұрғысынан тәсіл. (Managing for the sustained success of an organization - A quality management approach).

[2] ISO 10001 Сапа менеджменті. Тұтынушының қанағаттануы. Ұйым үшін тәртіп кодексі бойынша басшылыққа алынатын нұсқаулар. (Quality management - Customer satisfaction - Guidelines for codes of conduct for organizations).

[3] ISO 10002 Сапа менеджменті. Тұтынушылардың қанағаттануы. Ұйымдардағы кінәрат-талаптармен жұмыс жөніндегі басшылыққа алынатын нұсқаулар (Quality management - Customer satisfaction - Guidelines for complaints handling in organizations).

[4] ISO 10003 Сапа менеджменті. Тұтынушының қанағаттануы. Ұйымнан тыс даулы мәселелер бойынша басшылыққа алынатын нұсқау (Quality management - Customer satisfaction - Guidelines for complaints handling in organizations).

[5] ISO 10004 Сапа менеджменті. Тұтынушының қанағаттануы. Мониторинг және өлшеу бойынша басшылыққа алынатын нұсқаулар (Quality management - Customer satisfaction - Guidelines for monitoring and measuring).

[6] ISO 10005 Сапа менеджменті жүйелері. Сапа жоспары бойыша басшылыққа алынатын нұсқаулар (Quality management systems - Guidelines for quality plans).

[7] ISO 10006 Сапа менеджменті жүйелері. Жобалардың сапа менеджменті бойынша басшылыққа алынатын нұсқаулары (Quality management systems - Guidelines for quality management in projects).

[8] ISO 10007 Сапа менеджменті жүйелері. Конфигурация менеджменті бойынша басшылық нұсқаулар (Quality management systems - Guidelines for configuration management).

[9] ISO 10008 Сапа менеджменті. Сатып алушылардың қанағаттануы. Тұтынушылар үшін бизнестегі электрондық коммерциялық мәмілелер үшін басшылыққа алынатын нұсқаулар (Quality management - Customer satisfaction - Guidelines for business-to-consumer electronic commerce transactions).

[10] ISO 10012 Өлшеу менеджменті жүйелері. Өлшеу процестері мен өлшеу жабдығына қойылатын талаптар (Measurement management systems - Requirements for measurement processes and measuring equipment).

[11] ISO/TR 10013 Сапа менеджменті жүйесін құжаттау жөніндегі ұсыныстар (Guidelines for quality management system documentation).

[12] ISO 10014 Сапа менеджменті. Қаржы және экономикалық пайданы іске асыру жөніндегі басшылыққа алынатын нұсқаулар (Quality management - Guidelines for realizing financial and economic benefits).

[13] ISO 10015 Сапаны басқару. Оқыту бойынша басшылыққа алынатын нұсқаулар. (Quality management - Guidelines for training).

[14] ISO/TR 10017 ISO 9001:2000-ға қолданылатын статистикалық әдістер бойынша нұсқау (Guidance on statistical techniques for ISO 9001:2000).

[15] ISO 10018 Сапа менеджменті. Персоналды жұмысқа тарту және біліктілігі бойынша басшылыққа алынатын нұсқаулар (Quality management - Guidelines on people involvement and competence).

[16] ISO 10019 Сапа менеджменті жүйесі бойынша кеңесшілерді таңдау және олардың қызметін пайдалану жөніндегі басшылыққа алынатын нұсқаулар (Guidelines for the selection of quality management system consultants and use of their services).

[17] ISO 14001 Экологиялық менеджмент жүйелері. Қолдау жөніндегі талаптар мен нұсқау (Environmental management systems - Requirements with guidance for use).

[18] ISO 19011 Менеджмент жүйесінің аудиті бойынша басшылыққа алынатын нұсқамалар (Guidelines for auditing management systems).

[19] ISO 31000 Қауіп-қатер менеджменті. Принциптер мен басшылыққа алынатын нұсқамалар (Risk management - Principles and guidelines).

[20] ISO 37500 Аутсорсинг бойынша нұсқау (Guidance on outsourcing).

[21] ISO/IEC 90003 Бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу. Компьютерлік бағдарламалық қамтамасыз етуге ISO 9001:2008-ді қолдану бойынша басшылыққа алынатын нұсқаулар (Software engineering - Guidelines for the application of ISO 9001:2008 to computer software).

[22] IEC 60300-1 Сенімділік менеджменті. 1-бөлім. Сенімділік менеджменті және оны қолдану жөніндегі нұсқау (Dependability management - Part 1: Guidance for management and application).

[23] IEC 61160 Жоба талдауы (Design review).

[24] Сапа менеджменті принциптері, ISO

[25] ISO 9000 стандарттары топтамасын таңдау және пайдалану, ISO

[26] ISO 9001 шағын бизнес үшін – Не істеу керек, ISO

[27] Менеджмент жүйелері бойынша стандарттарды кешенді пайдалану, ISO[1)]

ӘОЖ 005.6:006.354(083.742) **МСЖ 03.120.10**

Түйін сөздер: сапа менеджменті жүйелері, өнім, қызметтер, ұйым ортасы, процестер, жоспарлау, қауіп-қатер, сапа саласындағы мақсаттар, сапа саласындағы саясат, орта, басшылық, ресурстар, ұйым, өзектендіру, құжатталған ақпарат, өмірлік цикл, талдау, тұтынушылармен байланыс, әзірлеу, талаптар, түзету әрекеттері, сәйкессіздіктер, жобалау, жақсару.

НАЦИОНАЛЬНЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Системы менеджмента качества

ТРЕБОВАНИЯ

СТ РК ISO 9001-2016

(ISO 9001:2015 Quality management system – Requirements, IDT)

Издание официальное

Комитет технического регулирования и метрологии
Министерство по инвестициям и развитию Республики Казахстан
(Госстандарт)

Астана

Предисловие

1 ПОДГОТОВЛЕН И ВНЕСЕН Республиканским государственным предприятием «Казахстанский институт стандартизации и сертификации» Комитета технического регулирования и метрологии

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ Приказом Председателя Комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан № 285-од от 14 ноября 2016 года

3 Настоящий стандарт идентичен международному стандарту ISO 9001:2015 «Системы менеджмента качества. Требования» (Quality management systems - Requirements, IDT).

Международный стандарт ISO 9001:2015 был разработан Техническим комитетом ISO/TC 176 «Менеджмент качества и обеспечение качества», Подкомитет SC 2, «Системы качества»

Перевод с английского языка (en)

Официальные экземпляры международных стандартов, на основе которых подготовлен (разработан) настоящий стандарт, и на которые даны ссылки, имеются в Едином государственном фонде нормативных технических документов»

Степень соответствия - идентичная (IDT)

4 В настоящем стандарте реализованы нормы Законами Республики Казахстан «О техническом регулировании» от 9 ноября 2004 года № 603-II и «Об языках в Республики Казахстан» от 11 июля 1997 года № 151-1

5 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ 2021 год
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ 5 лет

6 ВВЕДЕН ВЗАМЕН СТ РК ИСО 9001-2009 «Системы менеджмента качества. Требования»

«Информация об изменениях к настоящему стандарту публикуется в ежегодно издаваемом информационном указателе «Нормативные документы по стандартизации», а текст изменений и поправок – в ежемесячно издаваемых информационных указателях «Национальные стандарты». В случае пересмотра (замены) или отмены настоящего стандарта соответствующее уведомление будет опубликовано в ежемесячно издаваемом информационном указателе «Национальные стандарты»

Настоящий стандарт не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан

Содержание

1	Область применения	1
2	Нормативные ссылки	1
3	Термины и определения	1
4	Среда организации	2
5	Лидерство	4
6	Планирование	5
7	Средства обеспечения	7
8	Деятельность на стадиях жизненного цикла продукции и услуг	11
9	Оценка результатов деятельности	20
10	Улучшение	23
	Приложение А Разъяснение новой структуры, терминологии и понятий	25
	Приложение В Другие Международные стандарты в области менеджмента качества и на системы менеджмента качества, разработанные ISO/ТК 176	30
	Библиография	35

Введение

0.1 Общие положения

Применение системы менеджмента качества является стратегическим решением для организации, которое может помочь улучшить результаты ее деятельности и обеспечить прочную основу для инициатив, ориентированных на устойчивое развитие.

Потенциальными преимуществами для организации от применения системы менеджмента качества, основанной на настоящем стандарте, являются:

a) способность стабильно предоставлять продукцию и услуги, которые удовлетворяют требования потребителей и применимые законодательные и нормативные правовые требования;

b) создание возможностей для повышения удовлетворенности потребителей;

c) направление усилий на риски и возможности, связанные со средой и целями организации;

d) возможность продемонстрировать соответствие установленным требованиям системы менеджмента качества.

Настоящий стандарт может использоваться внутренними и внешними сторонами.

Настоящий стандарт не предполагает необходимость:

- единообразия в структуре различных систем менеджмента качества;
- согласования документации со структурой разделов настоящего стандарта;
- использования специальной терминологии настоящего стандарта в рамках организации.

Требования к системам менеджмента качества, установленные настоящим стандартом, являются дополнительными требованиями к продукции и услугам.

В настоящем стандарте применен процессный подход, который включает цикл «Планируй - Делай - Проверяй - Действуй» (PDCA), и риск - ориентированное мышление.

Процессный подход позволяет организации планировать свои процессы и их взаимодействие.

Реализация цикла PDCA позволяет организации обеспечить ее процессы необходимыми ресурсами, осуществлять их менеджмент, определять и реализовывать возможности для улучшения.

Риск-ориентированное мышление позволяет организации определять факторы, которые могут привести к отклонению от запланированных результатов процессов и системы менеджмента качества организации, а также использовать предупреждающие средства управления для минимизации негативных последствий и максимального использования

возникающих возможностей (А.4).

Постоянное выполнение требований и учёт будущих потребностей и ожиданий в условиях все более динамичной и сложной среды ставит перед организацией сложные задачи. Для решения этих задач организация могла бы посчитать необходимым использовать различные формы улучшения в дополнение к коррекции и постоянному улучшению, например, такие как прорывное изменение, инновация и реорганизация.

В настоящем стандарте используются следующие глагольные формы:

- «должен» указывает на требование;
- «следует» указывает на рекомендацию;
- «могло бы» указывает на разрешение;
- «может» указывает на способность или возможность.

